




«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK»  
АҚ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША  
ЕСЕБІ

МҮМКІНДІКТЕР  
СЕН ҮШІН!

2022



**03** Басқарма Төрағасының Үндеуі

**05** ЕСЕП ЖАЙЛЫ

06 Есепті дайындау принциптері  
08 Маңызды тақырыптарды анықтау

09 Маңызды тақырыптар тізімі  
10 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

**13** БАНК ЖАЙЛЫ

14 Жалпы ақпарат  
16 Қызмет географиясы  
17 2022 жылдың негізгі көрсеткіштері  
19 Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құн

20 Банк рейтингтері мен марапаттары  
22 ESG саласындағы ең маңызды оқиғалар  
23 Тұрақты дамудың қолдау көрсетілетін үздік тәжірибелері  
24 БҰҰ-ның Тұрақты дамудың басым мақсаттары  
25 Бірлестіктерге қосылу

**26** КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

27 Корпоративтік басқаруға шолу  
31 Директорлар кеңесі  
32 Директорлар кеңесінің комитеттері  
34 Басқарма  
35 Корпоративтік хатшылық  
36 Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма сыйақысы  
38 Дивидендтік саясат  
39 Тұрақты дамуды басқару тәсілдері  
40 Jusan Bank-тің ұйымдық құрылымы  
41 Іскерлік этика

43 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес  
46 Қаржы қылмыстарына қарсы күрес  
47 АЖ/ТҚҚ саласында қызметкерлерді оқыту  
48 Мүдделер қақтығысын басқару  
49 Адам құқықтары және кемсітпеушілік  
51 Кері байланыс механизмдері  
52 Тәуекелдерді басқару  
57 Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру  
58 Салық саясаты  
60 Заңнаманы сақтау

**61** ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

62 Клиенттерге жауапкершілікпен қарау  
66 Ақпараттық қауіпсіздік  
68 Ақпараттық қауіпсіздік саласында оқыту  
69 Деректер құпиялылығы  
71 Цифрландыру

72 Jusan мобильді қосымшасы  
73 Jusan Business мобильді қосымшасы  
74 Белшек бизнес клиенттеріне арналған цифрлық шешімдер  
75 Шағын және орта бизнесті қолдау  
77 Жеткізушілермен өзара әрекеттесу

**78** ӘЛЕУМЕТТІК  
ӘСЕРІ

79 Жұмыспен қамту  
87 Қызметкерлерді ынталандыру және еңбекақы төлеу  
91 Қызметкерлерді оқыту және дамыту  
94 Еңбек және денсаулықты қорғау  
96 Корпоративтік еріктілік және корпоративтік іс-шаралар  
97 Қайырымдылық және орналасу аймақтарына қолдау көрсету

98 Спорт және салауатты өмір салтын қолдау  
98 Мәдениет және өнерді қолдау  
100 Білім және қаржы сауаттылығын қолдау  
101 IT School Jusan  
102 Қаржы сауаттылығы

**103** ЭКОЛОГИЯ

104 Қоршаған ортаны қорғау  
105 Парниктік газдар шығарындылары  
107 Климаттық тәуекелдер  
115 Климаттық мүмкіндіктер

116 Көміртегі шығарындыларымен байланысты активтер (Carbon Related Assets)  
117 Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну  
119 Қалдықтар жұмыс және ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану  
121 Су ресурстарын пайдалану

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Назарларыңызға қаржылық емес көрсеткіштерді ашатын және Jusan Bank-тің 2022 жылға арналған жұмысын қорытындылайтын кезекті Тұрақты даму есебін ұсынуға қуаныштымын. Jusan Bank барынша барлық мүдделі тараптардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуді маңызды деп санайды.

Біз есеп жылында ESG корпоративтік трансформациясының аясында, оның ішінде тұрақты дамудың әртүрлі салаларында ішкі құзыреттерді қалыптастыру бойынша ілгерінді прогресске қол жеткіздік.

Jusan Bank халықаралық бизнес үшін тұрақты даму саласындағы ортақ корпоративтік құндылықтар мен принциптерді қалыптастыратын Біріккен Ұлттар Ұйымының ең ірі бастамасы – Жаһандық шартқа қосылғанын атап өткім келеді. Бұл бастамаға қосылу – үлкен жауапкершілік. Бірақ Жаһандық шарт бізге тұрақты дамудың озық тәжірибесін енгізу және халықаралық компаниялармен серіктестік орнату тұрғысынан бірегей ұзақ мерзімді мүмкіндік беретініне бек сенімдімін.

Jusan Bank Қазақстан Республикасында алғашқылардың бірі болып әртүрлі ESG тәжірибелерінің жетілуіне және енгізу деңгейіне баға беретін S&P CSA агенттігінің халықаралық тұрақтылық рейтингін иеленді. Jusan Bank корпоративтік ESG трансформациясының қысқа мерзіміне қарамастан рейтингке қатысқан әлемдегі 705 банктің арасында жақсы нәтиже көрсетті. Біз жауапты банк қызметін жүргізудің халықаралық тәжірибесін енгізу арқылы S&P CSA рейтингіндегі позициямызды жақсартуды көздеп отырмыз.

Jusan Bank Ұлттық ESG Клубына қосылды, біз оның мүшелерімен тәжірибе алмасу және бірлескен ынтымақтастық

ESG-ді ілгерілетудің әрі танымал етудің тиімді әдісі ретінде қарастырамыз. Мұндай жаңа серіктестік тұрақты даму принциптерін енгізу тұрғысынан біздің Банкте қосымша серпін беретініне сенімдімін.

2022 жылы Jusan Bank және мүдделі тараптар үшін тұрақтылық аспектілерінің маңызының өсуіне байланысты ESG жұмыс тобы құрылды, ол барлық ұйымдық деңгейлерде ESG трансформациялау процесін үйлестіреді. ESG-дің әртүрлі сұрақтарын жоспарлау мен үйлестіруге Директорлар кеңесінің қатысуын арттыру жоспарлануда.

Біз ESG сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасында қалыптасып жатқан әсіресе тұрақтылық критерийлерінің экологиялық құрамдастарына қатысты реттеуші және заңнамалық талаптар несие портфелін және ESG тәуекелдерін мұқият талдау мен бағалаудың маңызын арттыратынын жетік түсінеміз. Бұл тұрғыда Jusan Bank қарыз алушылардың әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерін бағалау жүйесін енгізуге дайындалуда.

Қызметімізді жоспарлау кезінде ескеретін БҰҰ-ның жаһандық тұрақты даму мақсаттары Jusan Bank үшін маңызды ұзақ мерзімді бағдарға айналды. Банк ең маңызды үлес қосып жатқан тұрақты дамудың бірнеше негізгі мақсаттары анықталды.

Біз қазақстандық бизнестің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосу жөніндегі күш-жігерін құптаймыз, сонымен қатар оларды ұлттық және халықаралық деңгейде бірлесіп жетілдіру үшін өзара тиімді серіктестікті кеңейтуге дайынбыз.

Jusan Bank өзін шағын және орта бизнеске арналған банк ретінде позициялай келе,

“ «Біз БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының бірі болып саналатын күшті және қолжетімді білім өркендеуші әрі тұрақты қоғамның негізін құрайтынына бек сенеміз». ”

отандық кәсіпкерлерді қолдауға, оның ішінде әртүрлі цифрлық өнімдер мен қызметтерді дамыту арқылы күш салуда. Шағын және орта бизнесті несиелендіру есепті кезеңнің қорытындысы бойынша шамамен 531 млрд теңгеге жетті. Бұл – қоғамның әл-ауқатын арттыруға, халық тұратын және жұмыспен қамтылған орналасу аймақтарын дамытуға қосылған үлкен үлесіміз.

Банк өнімдер мен қызметтерді цифрландыруға негізделген өзінің жеке экожүйесін белсенді түрде кеңейте отырып, олардың көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз етіп, сондай-ақ клиенттердің қаржылық және әлеуметтік инклюзиясын ынталандырады. Jusan Bank-тің ғана емес, сонымен қатар Jusan Тобының басқа компанияларын қамтитын экожүйенің үлкен сұранысқа ие болып, клиенттеріміз бен серіктестеріміздің тарапынан оған деген қажеттілігі артып келе жатқаны көңіл қуантады. Бұл біздің Банкке деген халық пен бизнес сенімінің көрсеткіші.

Біз цифрлық трансформацияға ерекше назар аудара келе, клиенттерге, серіктестерге және қызметкерлерге деректердің максималды қауіпсіздігіне кепілдік бере отырып, ақпараттық қауіпсіздік пен киберқауіптерден қорғау жүйесін жетілдіруді жалғастырдық. Jusan Bank KPMG Caspian 2022 жылы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес веб-сайттар мен мобильді қосымшалардың қауіпсіздігі бойынша отандық банктер арасында көшбасшы болғанын атап өткім келеді.

Ауызбіршілігі жарасқан және ынталы қызметкерлер - біздің басты байлығымыз. Банк қызметкерлер үшін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасап, оларды оқыту және таланттарды сақтау бойынша шаралар қабылдайды. Біз кемсітуге мүлдем жол бермейтін әрі тең мүмкіндіктерге ие жұмыс беруші екенімізді мақтан тұтамыз және жалпыға бірдей танылған адам құқықтарын құрметтейміз.

Jusan Bank әлеуметтік бағдарланған қаржы институты ретінде еліміздің жетекші оқу орындарының дамуына зор үлес

қосуда, сонымен қатар дарынды жастарды қолдау және халықтың, оның ішінде өскелең ұрпақтың қаржы сауаттылығын арттыру бойынша түрлі бастамаларды жүзеге асыруда. Біз БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының бірі болып саналатын күшті және қолжетімді білім өркендеуші әрі тұрақты қоғамның негізін құрайтынына бек сенеміз. 2022 жылы Jusan Bank түрлі қайырымдылық жобаларын жүзеге асыруды және орналасу аймақтарын дамытуды жалғастырды.

Климаттық дағдарыс жаһандық дамудың ең өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Сондықтан экологиялық салада көміртегі менеджменті жүйесіне көп көңіл бөлінеді, әсіресе қаржы реттеушісінің күн тәртібіндегі климаттық көзқарастарын күшейту талаптары ескеріледі. Jusan Bank Score 3-ті қосып, парниктік газдар шығарындыларының кеңейтілген сандық бағалауын іске асырды. Климаттық тәуекелдер анықталды және бағаланды. Банк қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша бірқатар бастамаларды, оның ішінде мүдделі тараптармен серіктестікте жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, Jusan Bank-тің атқарушы менеджменті мен қызметкерлеріне есепті жылдағы жемісті жұмысы үшін алғысымды білдіремін. Сонымен қатар олардың тиімді, жауапты және ашық қаржы институты ретінде Банктің позициясын нығайтуға ұмтылысын қолдайтынымды атап өткім келеді.

Алдағы уақытта Jusan Bank қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы озық тәжірибелерді енгізу жұмысын жалғастырады. Бұл біздің акционерлерімізге, клиенттерімізге, қызметкерлерімізге және игілігі үшін жұмыс істеп жатқан басқа да мүдделі тараптарға ұзақ мерзімді пайда әкелетініне сенімдіміз.

Нұрдәулет Айдосов,  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Jusan Bank Басқармасы Төрағасы



MENU



ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

5

# 1 ЕСЕП ЖАЙЛЫ

## ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

2022 жылға арналған тұрақты даму есебі – «First Heartland Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Jusan Bank, Банк, біз) қызметі туралы қаржылық емес ақпаратты көрсетуге арналған дербес жария құжат.

2022 жылдан бастап Банк тұрақты даму туралы жеке есептің аясында қаржылық емес ақпаратты жыл сайын жариялап отырады. Біз есепті жариялау арқылы барлық мүдделі тараптар үшін барынша ашық болу ниетімізді атап өтеміз.

Есеп 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңдегі еншілес ұйымдарды қоспағанда, Jusan Bank-тің (Бас банк және филиалдар желісі) қызметін қамтиды. Банк еншілес ұйымдарды қосу арқылы ақпаратты жариялау шекарасын бірте-бірте кеңейтіп, барлық тақырыптар мен көрсеткіштер бойынша ақпаратты ашуды бір ретке келтіруді жоспарлап отыр.

Есеп 2021 жылы түзетілген тұрақты даму жөніндегі Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) стандарттарына сәйкес дайындалған. GRI Есебі мен Нұсқаушысын құрастыру кезінде GRI Негіздері 1 (2021) стандартының талаптары ескерілді. GRI стандарттары – тұрақтылық туралы есеп берудің халықаралық мойындалған стандарттар. Есеп тұрақты даму контексті, толықтық, теңгерімділік, салыстырмалылық, дәлдік, мерзімділік, анықтық және тексерілу принциптеріне сәйкес құрылады.

GRI стандарттарының тізімі GRI Нұсқаушысы бөліміндегі Есептің 123-бетінде көрсетілген. Есепті дайындау кезінде GRI салалық стандарты болған жоқ.

Есепте ең маңызды оқиғалар мен жұмыс нәтижелері, әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы қызмет принциптері, банктің орналасу аймақтарындағы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларға әсері, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілдері туралы ақпарат қамтылған.

Есеп қажет және орынды болған жағдайда Банктің корпоративтік қысқа мерзімді және стратегиялық жоспарлары мен ниеттері туралы ақпаратпен бірге 2023 жылдың бірінші тоқсанында орын алған тұрақты дамудың маңызды оқиғаларын қамтиды.

Есеп БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесіміз туралы ақпарат көрсетілген және Банкке ESG-скорингін беретін халықаралық агенттіктің кейбір талаптарын ескереді. Біз жыл сайын мүдделі тараптар нақты және егжей-тегжейлі ақпаратқа қол жеткізуі үшін жариялауға арналған көрсеткіштер санын кеңейтеміз.

Сондай-ақ есепте ESG саласындағы халықаралық рейтинг агенттіктерінің белгілі бір талаптары және TCFD-нің ұсыныстары ескерілген.

Есепте қамтылған экономикалық және қаржы көрсеткіштері туралы деректер, ең алдымен, ХҚЕС сәйкес дайындалған және сыртқы аудитормен тексерілген Банктің 2022 жылға арналған жеке қаржы есептілігінің ақпаратына негізделген. Қаржы көрсеткіштері теңгемен берілген.

Кейбір ақпараттың тұжырымын өзгертуге корпоративтік есеп беру жүйесін дамыту және жетілдіру, көрсеткіштердің шекарасын

” Сондай-ақ есепте ESG саласындағы халықаралық рейтинг агенттіктерінің белгілі бір талаптары және TCFD-нің ұсыныстары ескерілген. ”

## ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

нақтылау себеп болды. Өткен жылмен салыстырғанда Есептің көрсеткіштері өзгерген жағдайда түсініктемелер беріледі.

Есепті дайындау мен бекітуге, маңызды тақырыптар мен мазмұнды анықтауға Банк Басқармасының Төрағасының басқаруымен ESG Жұмыс тобының мүшелері қатысты. Есепті Банк Басқармасы қарады және бекітті.

Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланды. Есептің жарияланған уақыты: 2023 жылдың мамыры. Есептің электронды нұсқасы Банктің ресми сайтында орналастырылған.

Банк парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді қоспағанда, қаржылық емес есептілік аясында берілген ақпараттың сенімділігін растау үшін тәуелсіз аудитті пайдаланбады. КPMG ХҚЕС сәйкес жасалған Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.

Jusan Bank тұрақты даму саласындағы халықаралық есеп беру стандарттарына сәйкес қаржылық емес есептілікте ақпаратты жариялаудың сапасы мен көлемін одан әрі жақсартуға ниетті.

Банк мүдделі тараптардың пікірлері мен реакцияларын бақылауға, сондай-ақ Банк қызметтерінің, операцияларының және өнімдерінің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар мен сауалнамаларды жүйелі түрде өткізуге ұмтылады.

” Есепті дайындау мен бекітуге, маңызды тақырыптар мен мазмұнды анықтауға Банк Басқармасының Төрағасының басқаруымен ESG Жұмыс тобының мүшелері қатысты. Есепті Банк Басқармасы қарады және бекітті. ”

## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

Jusan Bank әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделері мен күтуін ескеретін ақпаратты толық және сапалы жариялауға баса назар аударады. Банктің қаржылық емес есептілігінің егжей-тегжейлі жариялануын талап ететін маңызды тақырыптарын анықтау үшін GRI стандарттарына сәйкес маңызды тақырыптарды анықтау процедурасы жүзеге асырылады.

Біз экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларының стратегиялық маңызын екі өлшемде бағалаймыз: олардың мүдделі тараптар үшін салыстырмалы маңызы және ұзақ мерзімді жаһандық мегатрендтерді – урбанизация, цифрландыру және виртуалдандыру, климаттың өзгеруі, ашықтық сұранысын ескерілді. Маңызды тақырыптар жыл сайын қарастырылады.

### 1-ШІ КЕЗЕҢ

- Банк секторындағы жетекші компаниялардың қаржылық емес есеп беру тәжірибесінің бенчмарк талдауы
- ESG стандарттарының талаптарын, Банктің, ESG рейтинг агенттіктерінің қатысуымен халықаралық бастамаларын, іскер серіктестер мен клиенттердің ақпараттық сұраныстарын талдау
- Қоғамдық ақпарат көздерін, оның ішінде салалық үрдістер мен тәуекелдер, зерттеулер, БАҚ есептерін талдау

▼  
Маңызды тақырыптардың алдын ала тізімін дайындау

### 2-ШІ КЕЗЕҢ

- Маңызды тақырыптардың алдын ала тізімін сарапшылық талқылау
- Алдын ала құрастырылған маңызды тақырыптардың басымдылығын бағалау

▼  
Маңызды тақырыптардың нақтыланған тізімін анықтау

### 3-ШІ КЕЗЕҢ

- Маңызды тақырыптардың қорытынды тізімін қарастыру және бекіту

▼  
Маңызды тақырыптардың қорытынды тізімі



## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

Маңыздылықты талдау нәтижесінде тұрақты даму саласындағы Банк қызметінің маңызды аспектілерін барынша ашатын ең негізгі тақырыптардың тізімі жасалды. 2021 жылға арналған Тұрақты даму есебінде пайдаланылғанмен салыстырғанда тізім қайта қаралды және кеңейтілді.

- Корпоративтік басқару
- Іскерлік этика
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
- Тәуекелдерді басқару
- Салық саясаты
- Жұмыспен қамту
- Еңбек пен денсаулықты қорғау
- Оқыту және білім
- Қызметкерлерді ынталандыру және ең бекақы төлеу
- Адам құқықтары және кемсітпеушілік
- Парниктік газдар шығарындылары
- Қайырымдылық және орналасу аймақта рына қолдау көрсету
- Цифрландыру
- Ақпараттық қауіпсіздік
- Деректер құпиялылығы
- Шағын және орта бизнесті қолдау

“ Маңыздылықты талдау нәтижесінде тұрақты даму саласындағы Банк қызметінің маңызды аспектілерін барынша ашатын ең негізгі тақырыптардың тізімі жасалды. ”

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУ

Банк өз қызметінде де, стратегиялық шешімдерді дайындау процесінде де негізгі мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және олардың сұраныстары мен күтуін ескереді.

Біздің негізгі мүдделі тараптарымызға клиенттер, қызметкерлер, акционерлер мен инвесторлар, жеткізушілер мен серіктестер, коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғам, үкімет және реттеуші органдар кіреді.

Банк жыл сайын мүдделі тараптардың тізімін анықтайды және жаңартады.

Jusan Bank мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында тұрақты түрде мүдделі тараптардан кері байланыс жинайды, сондай-ақ нәтижелерді бизнес-процестерді жақсарту және Банк қызметі айтарлықтай әсер ететін тұлғалардың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру үшін пайдаланады.

Кері байланыс алу тәсілдерінің ішінде клиенттердің қанағаттану, қызметкерлердің қатысу деңгейлерін өлшейтін сыртқы және ішкі мүдделі тараптарға арналған сауалнамалардың бірқатар түрлерін бөліп көрсетуге болады.

### Jusan Bank-тің мүдделі тараптармен әрекеттесу тәсілдері

#### Мүдделі тараптар

#### Ең маңызды өзара әрекеттесу тәсілдері



##### Клиенттер

- Адам құқықтары және кемсітпеушілік
- Парниктік газдар шығарындылары
- Қайырымдылық және орналасу аймақтарына қолдау көрсету
- Цифрландыру
- Ақпараттық қауіпсіздік
- Деректер құпиялылығы
- Шағын және орта бизнесті қолдау



##### Қызметкерлер

- Жоғары басшылықпен жеке кездесулер, сондай-ақ электрондық пошта арқылы онлайн байланыс, жұмыс және кадр сұрақтарына арналған интранет
- Қызметкерлерге арналған сауалнамалар, соның ішінде ынта-жігерді өлшеу
- Анонимді есеп беру арнасы
- Оқыту, кәсіби даму және біліктілікті арттыру
- Корпоративтік мәдениет пен құндылықтарды қалыптастыру
- Қызметкерлер қатысатын еріктілік, спорттық, мәдени және басқа да іс-шаралар
- Кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Jusan Bank-тің мүдделі тараптармен әрекеттесу тәсілдері

### Мүдделі тараптар

### Ең маңызды өзара әрекеттесу тәсілдері



#### Акционерлер мен инвесторлар

- Акционерлердің жалпы жиналыстары
- Түрлі байланыс арналары (кездесулер, презентациялар, электронды пошта арқылы хат алмасу және т.б.) арқылы байланыс
- IR және корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, веб-сайт)
- Қазақстан қор биржасының сайтында ақпаратты орналастыру
- Банк басшылығы мен өкілдерінің инвестициялық іс-шаралар мен конференцияларға қатысуы
- Халықаралық озық тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару жүйелерін енгізу
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



#### Қоғам

- Еріктілер, әлеуметтік және қайырымдылық жобалары
- Білім беру бағдарламалары, оқу орындарымен өзара әрекеттесу
- Call-орталық және әлеуметтік желілер арқылы байланыс
- Корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, веб-сайт), баспасөз конференциялары, сұхбаттар
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



#### Жеткізушілер мен серіктестер

- Сатып алу рәсімдері бойынша өзара әрекеттесу, тендерлер және сатып алу жоспарлары туралы ақпарат
- Шарттық қатынастар, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үдерісіндегі өзара әрекеттесу
- Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоңырау өткізу
- Корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, веб-сайт), хабарламаларды жіберу
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУ

Jusan Bank-тің мүдделі тараптармен әрекеттесу тәсілдері

Мүдделі  
тараптар

Ең маңызды өзара  
әрекеттесу тәсілдері




Мемлекеттік  
органдар,  
реттеушілер

- Банк ісі, экология және әлеуметтік қатынастар саласындағы заңнама талаптары мен нормаларының сақталуы туралы ақпаратты толық және уақытылы ашу
- Қаржы секторын дамыту және заңнаманы жетілдіру бойынша жиналыстар мен кеңестерге қатысу
- Байланыс құралдары арқылы хабарлау
- Заңмен белгіленген барлық төлемдер мен салықтарды жүзеге асыру
- Қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, қорытындыларды алу, заңдылықты сақтау
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



Коммерциялық  
емес және қоғамдық  
ұйымдар

- Банк өкілдерінің конференцияларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға қатысуы
- Қоғамдық бастамалар мен жобаларға қайырымдылық және демеушілік қолдау көрсету
- Қаржы секторы бойынша сауалнамалар мен зерттеулер
- Қайырымдылық жарналары
- Коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдардың өтініштері мен сұраныстарына жауап беру



Бұқаралық ақпарат  
құралдары

- Банктің веб-сайтында, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау және тиісті түрде жаңарту
- Баспасөз хабарламаларын тарату
- Банк өкілдерінің конференцияларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға қатысуы
- Баспасөз конференцияларын, брифингтерді және басқа да медиа шараларды өткізу
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



MENU



ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

13

# 2 БАНК ЖАЙЛЫ

## ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«First Heartland Jusan Bank» АҚ – заңды және жеке тұлғаларға қаржы қызметтері мен өнімдерінің кең ауқымын ұсынатын жекеменшік банк. Банк еншілес компанияларын қамтитын Jusan Тобының құрамына кіреді.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2021 жылғы 7 сәуірдегі №1.2.35/225/37 лицензия негізінде жүзеге асырады. Банктің эмиссиялық бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының листингінде орналастырылған.

Jusan Bank қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізеді.

Орталық кеңсе Қазақстан Республикасы Алматы қаласында орналасқан.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің ұйымдық құрылымына кіреді:

- 71 құрылымдық бөлімшені қамтитын Бас Банк;
- 19 облыстық филиал мен 116 құрылымдық бөлімше;
- 5 VIP-орталық және Premium клиенттерге қызмет көрсететін 18 бөлім

Қазақстан Республикасының банктері арасында банк активтерінің көлемі бойынша

# №6

Қазақстан Республикасының банктерінің арасында активтердің капиталға шаққандағы көлемі бойынша

# №1

Қазақстан Республикасының банктері арасында меншікті капиталы бойынша

# №3

Банктің Қазақстан Республикасының 46 елді мекенінде филиалдары бар. Біз орналасу географиясын кеңейте отырып, банк қызметтерінің қолжетімділігін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашамыз. Jusan Bank қызметкерлерінің саны 6,12 мың адамға жетеді.

Қазақстан Республикасының ЕДБ активтерінің жалпы көлеміндегі үлесі 6%-дан асады. ҚР Ұлттық банкі Jusan Bank-ті әлеуетті жүйелік маңызы бар банк ретінде таныды.

Негізгі қызметі коммерциялық банк қызметін жүзеге асырумен, несиелер мен кепілдіктер берумен, депозиттерді тартумен, клиенттердің шоттарын ашумен және жүргізумен, есеп айырысу-кассалық қызметтерді жүзеге асырумен, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен жүргізілетін операциялармен байланысты.

Банк клиенттерінің қатарында бөлшек сегментінің клиенттері, микробизнес, шағын және орта бизнес, ірі бизнес субъектілері бар. Банк бизнесті жүргізу тәсілінде акционерлердің табысы мен жалпы қоғамға оң әсері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады.

Есепті кезеңнің аяғында айналымдағы акциялардың саны (орна-

**46**  
елді мекен

**986**  
банкомат

**5**  
VIP-орталық

**19**  
филиал

Premium клиенттерге қызмет көрсететін

**116**  
құрылымдық бөлімше

**18** бөлім

## ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ

ластырылған акциялар) 164 078 731 дана болды. Олардың барлығы – бір дауыс құқығы бар жай акциялар.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің ең ірі акционері қазақстандық «First Heartland Securities» АҚ брокерлік компаниясы болды. Мемлекет немесе квазимемлекеттік құрылымдар акционерлер қатарына кірмейді.

Банктің түпкілікті бақылаушы тарапы – Америка Құрама Штаттарындағы Невада штатында тіркелген New Generation Foundation.

Есепті кезеңде акционерлердің құрылымында елеулі өзгерістер болған жоқ. Меншік құрылымы туралы өзекті ақпарат тұрақты түрде жаңартылып отырады және Қазақстан қор биржасының ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Есепті кезеңде Jusan Bank мемлекеттен қаржылай көмек алмады.

Банк 2022 жылы басқа компаниялардағы елеулі үлес немесе акцияларды сатып алған жоқ.

Jusan Bank Қаржылық тұрақтылық кеңесінің (Financial Stability Board) әдістемесі бойынша жаһандық жүйелі маңызды банк (Global Systemically Important Banks) болып саналмайды.

” Мемлекет немесе квазимемлекеттік құрылымдар акционерлер қатарына кірмейді.

”

Jusan Bank-тің ең ірі акционерлері, %


**2021**

**78,73**

«First Heartland Securities» АҚ

**20,11**

Есенов Г. Ш.




**2022**

**78,73**

«First Heartland Securities» АҚ

**20,11**

Есенов Г. Ш.



# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ





## 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы\*



**6120**

Банк  
қызметкері



**68%**

Банк қызметкерлері  
арасында әйелдердің  
үлесі



**40,06** млрд  
теңге

қызметкерлерге  
кеткен шығын



**3** млн

клиент



**1,37** млн

белсенді цифрлық  
қолданушы\*\*



**1,43** млн

шығарылған  
карта\*\*\*\*



**2 819,1** млрд  
теңге

активтер



**1 105,6** млрд  
теңге

клиенттерге берілген  
несие



**1 492,1** млрд  
теңге

ағымдағы шоттар  
мен клиенттердің  
депозиттері



**513,6** млрд  
теңге

меншікті капитал



**88,6** млрд  
теңге

жыл  
кірісі





**166%**


кешіктірілген қарыздар  
бойынша провизияны жабу  
деңгейі (90+)

- \* толық қаржы нәтижелерін Jusan Bank-тің 2022 жылғы аудиттелген жеке қаржы есептілігінен көріңіз
- \*\* Jusan және Jusan Business мобильді қосымшаларының ай сайынғы белсенді пайдаланушылары (MAU).
- \*\*\* күтілетін несиелік шығындарды есепке алмағанда
- \*\*\*\* цифрлық және пластикалық карталар


## 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

 **191,2** мың  
корпоративтік клиент

 **945,7** млрд  
теңге  
корпоративтік  
клиенттердің ағымдағы  
шоттары мен депозиттері

 **762,6** млрд  
теңге  
корпоративтік  
клиенттердің несиелері

 **2 819,5** мың  
бөлшек сегментінің және  
Private Banking клиенті

 **546,4** млрд  
теңге  
бөлшек сегментінің ағымдағы  
шоттары мен депозиттері

 **343,0** млрд  
теңге  
бөлшек сегменті клиенттерінің  
несиелері

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы\*

 Tier 1 Capital (Basel III)  
**473 584 901**  
мың теңге

 Total exposure (Basel III)  
**1 584 475 246**  
мың теңге

 Leverage Ratio (Basel III)  
**29,89%**

## ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҮЛЕСТІРІЛГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы,  
млн теңге

Банк өз қызметі барысында мүдделі тараптар, соның ішінде акционерлер, қызметкерлер, қоғам үшін қосымша құн қалыптастырады. Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құн біздің қызметіміздің барысында пайда болатын құн мен оның әрі қарай мүдделі тараптарға үлестірілуін көрсетеді.

### 1-ескерту.

Негізгі қаржы деректері негізінен Банктің 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін аудиттелген жеке қаржы есептілігінен алынған.

### 2-ескерту.

Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесі 2022 жылға дивидендтерді төлеу және бөлмеу туралы ұсыныс жасады, бұл Акционерлердің жалпы жиналысының 2023 жылдың 2 мамырындағы шешімінде қолдау тапты.

<b>Құрылған тікелей экономикалық құн</b>	<b>180 252</b>
Несие шығындары бойынша шығыннан кейінгі таза пайыздық кіріс	95 318
Таза комиссиялық кіріс	14 080
Басқа операциялық кіріс	70 854
<b>Ортақ экономикалық құн</b>	<b>91 605</b>
Операциялық шығындар	(78,206)
– әлеуметтік аударымдар мен жалақыдан алынатын салықтарды ескере отырып, қызметкерлердің сыйақысын қоса алғанда	(40,058)
– корпоративтік табыс салығынан басқа салық шығындарын қоса алғанда	(3,644)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(13,399)
Банк акционерлеріне төленген дивидендтер	—
<b>Сақталған экономикалық құн</b> (құрылған тікелей экономикалық құн алынған үлестірілген экономикалық құн)	<b>88 647</b>

## БАНК РЕЙТИНГТЕРІ МЕН МАРАПАТТАРЫ

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің Moody's Investor Services халықаралық рейтинг агенттігі берген несиелік рейтингі және S&P Global Corporate Sustainability Assessment-тің ESG рейтингі болды.

### Несиелік рейтингтері

#### Moody's Investor Services



**B1**  
**Позитивті**

(2022 желтоқсан)

### ESG рейтинг

#### S&P Global Corporate Sustainability Assessment



**23/100, «Банктер» секторы**  
**бойынша 60-шы процентиль**

(2022 желтоқсан)

## БАНК РЕЙТИНГТЕРІ МЕН МАРАПАТТАРЫ




КЛИЕНТТЕРГЕ БАҒДАРЛАНҒАН  
ТӘСІЛ



ЦИФРЛЫҚ НАРЫҚТА  
КӨШБАСШЫ ПОЗИЦИЯСЫ



ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ-  
ГІ АҚПАРАТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІК



БИЗНЕСТІ ЭТИКА-  
ЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАП-  
ТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗУ



ТАНЫМАЛ ӘРІ  
ТАРТЫМДЫ БРЕНД



### Марапаттар

- CFI.co - 2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы Ең үздік Банк (2022 Best Bank Kazakhstan Award)
- CFI.co - Қазақстан Республикасы экономикасын әртараптандыруға үлкен үлесі қосуы (2022 award for Outstanding Contribution to Diversification of the Economy (Kazakhstan))
- Banks Security Review (KPMG Caspian) - Қазақстан Республикасының веб-сайт пен қосымша қауіпсіздігі бойынша үздік коммерциялық банк
- WOW!HR Kazakhstan 2022 Award - Jusan IT мектебінің білім беру жобасымен Be cool номинациясының жеңімпазы
- 2022 жылдың 4-тоқсанындағы ЕДБ комплаенс-қызметтерінің рейтингі (ҚМА) – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылы-статуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шараларды талдау және бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының ЕДБ арасында бірінші орын
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық топтың (EAT) пленарлық отырысы – КЖ/ТҚҚ саласындағы үздік қаржылық талдау үшін EAT-ға мүше мемлекеттердің қаржы институттарының комплаенс-мамандары арасындағы конкурс нәтижелері бойынша аудитория сыйлығы
- Mobile Banking Rank Kazakhstan 2022 (Marksw Webb) мобильді банк рейтингі – мобильді банкингті пайдаланушылардың клиенттік тәжірибесін бағалау аясында Қазақстан Республикасының 10 ЕДБ арасында екінші орын
- Қазақстанның ЕДБ рейтингі 2022 (Forbes.kz және Baker Tilly Qazaqstan Advisory) - Қазақстан Республикасының ЕДБ арасында төртінші орын

## ESG САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

### МАУСЫМ 2022

Тұрақты даму саласындағы корпоративтік әрекеттерді үйлестіру үшін **Jusan Bank** Басқарма Төрағасының жетекшілігімен ESG Жұмыс тобының құрылуы

### ТАМЫЗ 2022

**Jusan Bank** KPMG Caspian зерттеуіне сәйкес веб-сайт пен мобильді қосымшалардың қауіпсіздігі бойынша Қазақстан Республикасының коммерциялық банктері арасында көшбасшы атанды

### ТАМЫЗ 2022

парниктік газдар шығарындыларын **Scope 1** және **Scope 2** бойынша пилоттық бағалаудан өтуі және тексерілуі

### ҚЫРКҮЙЕК 2022

Тұрақты даму бойынша **бірінші есептің** жариялануы

### ЖЕЛТОҚСАН 2022

**S&P Global Corporate Sustainability Assessment**-тен алғашқы халықаралық **ESG** рейтингін алуы

### ЖЕЛТОҚСАН 2022

**Jusan Bank**-тің Ұлттық **ESG** клубына қосылуы

” **Jusan Bank** KPMG Caspian зерттеуіне сәйкес веб-сайт пен мобильді қосымшалардың қауіпсіздігі бойынша Қазақстан Республикасының коммерциялық банктері арасында көшбасшы атанды.



## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕТІН ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Jusan Bank БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын сөзсіз жаһандық басымдықтар ретінде танып, әлеуметтік-бағдарланған, аз көміртекті, ресурстарды үнемдейтін және инклюзивті экономикаға көшу үшін капиталды жұмылдырудағы қаржы институттарының негізгі рөлін атап көрсетеді.

Банк өз қызметі мен стратегиялық жоспарлау барысында БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ескереді. Біз бизнес, қоғам және басқа да мүдделі тараптар БҰҰ-ның 2030 жылға қарай тұрақты даму мақсаттарының барлығына қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуі маңызды деп санаймыз. Jusan Bank мүдделі тараптармен серіктестік пен диалог арқылы олардың жетістіктеріне үлес қосуды мақсат етеді.

Сонымен қатар Jusan Bank өз қызметінде ескеруге немесе ұстануға тырысатын бірқатар халықаралық және ұлттық бастамаларды, принциптері мен стандарттарды атап көрсетеді, оның ішінде:

- БҰҰ Жаһандық шартының принциптері.
- БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының Қаржы бадамасының жауапты банк қызметі принциптері.
- Парниктік газдар протоколының стандарты.
- Парниктік газдарды ұлттық инвентаризация бойынша жетекші нұсқаулықтар, КӨЖУСТ.
- Қазақстан Республикасында әрекет ететін жасыл жобалардың классификациясы (таксономиясы).

## МАҚСАТТАР ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫ БОЙЫНША



## БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ БАСЫМ МАҚСАТТАРЫ

### Басым Мақсаттар



4 САПАЛЫ  
БІЛІМ



- Қазақстан Республикасының оқу орындарын, жобалар мен баста - маларды қолдау
- Банк қызметкерлерін оқыту және олардың біліктілігін арттыру
- Сыртқы мүдделі тараптардың қаржы сауаттылығын арттыру
- Жұмыспен қамту, лайықты жұмыс және кәсіпкерлік үшін сұранысқа ие мамандардың санын арттыру



8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС  
ЖӘНЕ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ӨСУ



- Банк – жауапты және ірі салық төлеуші
- Шағын және орта бизнеске арналған қызметтер мен өнімдер
- Банктің жеке жұмыс орындарын құру және орналасу географиясын кеңейту
- Қызметкерлер үшін ыңғайлы және цифрлық жұмыс орындарын құру
- Жас мамандар мен дарынды жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері
- Әлеуметтік-мәдени әртүрлілік әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
- Іскерлік этика және адам құқықтары
- Жеткізу тізбегіндегі жергілікті жеткізушілерге мән беру

### Басым Мақсаттар



9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ,  
ИННОВАЦИЯЛАР,  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



### Басым Мақсаттар

- Кәсіпкерлікті және стартаптарды қолдау
- Шағын және орта бизнеске арналған қызметтер мен өнімдер
- Инновацияларға, цифрландыруға жасалған инвестициялар
- Өндірістік инфрақұрылым кәсіпорындарын жаңғырту
- Қашықтықтағы мобильді және интернет-банкингті дамыту
- Өнеркәсіп пен инфрақұрылымдағы жұмыспен қамтудың өсуіне жәрдемдесу



17 ТҰРАҚТЫ  
ДАМУ МҮДДЕСІ  
ҮШІН СЕРІКТЕСТІК



- Тұрақты даму саласындағы халықаралық және қазақстандық бастамаларға, қауымдастықтар мен бірлестіктерге қосылу
- Тұрақты дамуға арналған іс-шараларға қатысу, сондай-ақ оларға Банк тарапынан ұйымдық және қаржылық қолдау көрсету
- Тұрақты даму саласында қаржы секторындағы және экономиканың басқа салаларындағы компаниялармен ынтымақтастықты дамыту



## БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚОСЫЛУ

Jusan Bank ұлттық және шетелдік іскерлік және салалық қоғамдастықтар мен бірлестіктердің қызметіне қатысады. Оларға мүше болу Банкке өз ұстанымын жеткізуге және қаржы нарығындағы компаниялармен, бизнес қауымдастықпен, салалық реттеуші органдармен, халықаралық ұйымдармен диалог құруға мүмкіндік береді.

Осы қауымдастық мен бірлестіктердің қатарында мыналарды атап өтуге болады:




Біз ESG күн тәртібін және тұрақты даму принциптерінің ілгерілетуге қатысты әртүрлі сұрақтар бойынша басқа компаниялармен, бизнес-қауымдастықтармен, қоғамдық және кәсіби ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын екенімізді білдіреміз.

” 2023 жылдың қаңтарында Jusan Bank жетекші халықаралық іскер бастамаға – БҰҰ Жаһандық шартына қосылды. ”



MENU



ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

26



# 3 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА



27

GRI 2-9  
GRI 2-10  
GRI 2-11  
GRI 2-12  
GRI 2-13  
GRI 2-16  
GRI 2-17



MENU



GRI 2-18  
GRI 2-20  
GRI 2-24  
GRI 3-3  
GRI 202-2  
GRI 405-1

ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

Jusan Bank қызметі тиімді және ашық корпоративтік басқару жүйесіне негізделген. Jusan Bank стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, операциялық және қаржы тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында корпоративтік басқару жүйесі мен комплаенс рәсімдерін дәйекті түрде жетілдіру тәжірибесін ұстанады.

Jusan Bank корпоративтік басқару саласында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ озық отандық және әлемдік тәжірибені басшылыққа алады.

Jusan Bank-тің корпоративтік басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттары:

- Жарғы.
- Корпоративтік басқару кодексі.
- Директорлар кеңесі туралы ереже.
- Басқарма туралы ереже.

” Корпоративтік басқару жүйесі барлық уәкілетті органдардың – Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Банк Басқармасы және олардың комитеттері арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталған. Директорлар кеңесі және Басқарма арасындағы құзыреттер мен функцияларды бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына және ІНҚ-ге сәйкес жүзеге асырылады. ”

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

### Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын сұрақтарды қоспағанда, Банктің қызметін жалпы басқаруды және бақылауды жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы. Директорлар кеңесінің өз өкілеттігі шегінде қабылданған шешімдері Басқарма үшін, сондай-ақ Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары үшін міндетті болып саналады.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Jusan Bank Жарғысына сәйкес акционерлер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді және акционерлер мен Банктің мүдделері үшін адал әрекет етуге міндетті. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, оның ішінде Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мүшелері жеке сайланады, Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттарды ұсыну акционерлердің бастамасы бойынша да, Банктің бастамасы бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлерге кандидаттар туралы олардың жеке және кәсіби қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру үшін жеткілікті ақпарат алуға мүмкіндік беретін ашық рәсім шеңберінде өтеді.

Директорлар кеңесі туралы ережеде Директорлар кеңесінің кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы керек деп белгіленген. Бұл ретте Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді және жаңа Директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады. Тәуелсіз директорлардың өкілеттік мерзімі бір жыл.

Директорлар кеңесінің құрамын жасақтау кезінде ұлтына, нәсіліне, жынысына немесе өзге де ерекше белгілеріне шектеу қоюға жол берілмейді.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 3 адамнан тұрды. Оның құрамындағы Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа қызмет ету мерзімі 21 айға тең. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері ер адамдар. Айта кету керек, Банктің топ-менеджерлерінің (Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері) 80%-ы жергілікті тұрғындар – Қазақстан Республикасының азаматтары. Директорлар кеңесінде бұл көрсеткіш 66 пайызға тең.

Директорлар кеңесі Төрағасының және Басқарма Төрағасының рөлдері Қазақстан Республикасы заңнамасының, Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес бөлінеді: Басқарма төрағасы бір мезгілде директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесінің қазіргі төрағасы атқарушы емес директор болып саналады.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің жас құрылымы



### Директорлар кеңесі мүшелерінің азаматтығы



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

Директорлар кеңесінің мүшелері – қаржы секторында және стратегиялық бизнес-жоспарлауда қажетті құзыреттерге ие жоғары білікті және көпсалалы мамандар.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамы жасы, құзыреті, еңбек өтілі және жұмыс тәжірибесі (оның ішінде шетелдегі) бойынша теңдестірілді. Бұл факторлар оның мүшелеріне Банк қызметінің маңызды сұрақтарын жан-жақты және объективті түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Жаһандық салалық классификация стандартының (Global Industry Classification Standard, GICS) 1-деңгейдегі салалық классификациясына сәйкес банк секторында жұмыс тәжірибесі бар, атқарушы мүшелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 2-ге жетті.

Jusan Bank тұрақты тәуелсіз директорлар критерийлеріне Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың да, қазіргі мүшелердің де Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі критерийлеріне қатысты сәйкестігін тексереді.

Директорлардың тәуелсіздігінің критерийлері Jusan Bank-тің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ең алдымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келеді. Тәуелсіз директор келесі талаптарға сай болуы керек:

- Банктің аффилирленген тұлғасы болмауы және Директорлар кеңесіне сайлану алдындағы үш жыл ішінде мұндай болмауы (Банктің тәуелсіз директоры лауазымын атқару жағдайларын қоспағанда);
- Банктің аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауы;
- Банктің немесе Банкпен аффилирленген ұйымдардың лауазымды тұлғаларының қол астында жұмыс істемеуі және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға жұмыс істемеуі;
- Мемлекеттік қызметші болмауы;
- Банк органдарының отырыстарында акционердің өкілі болмауы және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционер болмауы;
- Аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Банктің аудитіне қатыспауы және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспауы.

” Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамы жасы, құзыреті, еңбек өтілі және жұмыс тәжірибесі (оның ішінде шетелдегі) бойынша теңдестірілді ”

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Есепті кезеңде 44 отырыс өткізіліп, онда 263 сұрақ қаралды. Тұрақты даму саласында кадр және еңбекақы, әлеуметтік, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау және т.б. сұрақтар қарастырылып, Банкті дамытудың стратегиялық бағыттарын талқылау барысында оларға да тиісті назар аударылды.

2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысудың орташа көрсеткіші 100% болды. Директорлар кеңесінің сұрақтарды қарау ережесіне сәйкес Директорлар кеңесінің отырысы кворум болған жағдайда өткізіледі және Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы дауыс берген жағдайда шешім қабылдауға құқылы деп есептеледі.

Директорлар кеңесі туралы Ережеде оның мүшелерінің жұмысын бағалау кезеңді түрде жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің есепті жылдағы жұмысының қорытындылары бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 мамырына дейін жүргізілетіні белгіленген. Банк қызметінің қаржы нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау критерийлері болып саналады. Директорлар кеңесі келесі жолдардың бірімен бағалайды:

- сауалнама негізінде өз бетінше Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін сауалнамалардан өткізу арқылы, бұл сауалнама одан әрі Jusan Bank-тің Корпоративтік хатшылығы біріктірілген бағалау есебін жасау үшін пайдаланады, онда әрбір бағалау критерийі бойынша орташа балл есептеледі, алдыңғы кезеңдермен салыстыру көрсетіледі және бағалау нәтижелері қорытындыланады;
- Jusan Bank-те тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу, құпия ақпаратты жария ету бойынша қолданылатын рәсімдерді сақтай отырып, Банк белгілеген тәртіппен сыртқы сарапшыны тарта отырып.

Бағалау нәтижелері туралы ақпарат Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынылуы мүмкін. Сыртқы сарапшының бағалау нәтижелері туралы ақпарат және Директорлар кеңесінің мүшелері толтырған сауалнамалар құпия ақпарат болып саналады және құпия ақпаратты беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Jusan Bank-тің Жарғысында және Банктің ІНҚ -де белгіленген тәртіппен ақпарат ұсынылатын уәкілетті органды қоспағанда үшінші тұлғаларға жария етілуге жатпайды.

” Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Есепті кезеңде 44 отырыс өткізіліп, онда 263 сұрақ қаралды. ”

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІҢ ҚҰРАМЫ



### ШИГЕО КАТСУ

Директорлар кеңесінің төрағасы

**Туған күні:** 1952 жылдың 9 ақпаны

**Азаматтығы:** Жапония

**Ең алғаш Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2019 жылдың 6 ақпаны

**Қазіргі Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2019 жылдың 6 ақпаны

Назарбаев Университетінің Президенті, Назарбаев Зияткерлік мектептері Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және Назарбаев қорының Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Назарбаев университетін 2010 жылдың желтоқсан айынан бастап басқарады. Оған дейін 30 жыл бойы Дүниежүзілік банкте (World Bank) басшылық қызметтер атқарды, оның ішінде Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша вице-президент лауазымын атқарды. Орталық Азия, Шығыс Еуропа және Африка елдеріндегі институционалдық реформалар мен банк жүйесін қайта құрылымдауды басқарды, сондай-ақ Қытайдағы қаржы секторын реформалаумен айналысты.



### НҰРДӘУЛЕТ АЙДОСОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

**Туған күні:** 1987 жылдың 7 маусымы

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Ең алғаш Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2022 жылдың 29 сәуірі

**Қазіргі Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2022 жылдың 29 сәуірі

Қазақстандық және халықаралық қаржы ұйымдарында 15 жылдан астам тәжірибесі бар. Кәсіби құзыреттері банк, инвестициялық бандинг және кастодиандық басқару салаларын қамтиды. Еңбек өтілі инвестициялық және банк құрылымдарындағы түрлі позицияларды қамтиды, оның ішінде: «RBS Kazakhstan» АҚ, «HSBC Bank Kazakhstan» АҚ ЕБ, «VISOR Capital» АҚ, «First Heartland Bank» АҚ, «Jusan Invest» АҚ. Еңбек өтілі банк, инвестициялық бандинг және кастодиандық басқарудағы түрлі позицияларды қамтиды, оның ішінде: «RBS Kazakhstan» АҚ, «HSBC Bank Kazakhstan» АҚ ЕБ, «VISOR Capital» АҚ, «First Heartland Bank» АҚ, «Jusan Invest» АҚ. 2022 жылдың наурызынан бастап «Jusan Bank» АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарады. КИМЭП-те іскерлік басқару бакалавры дәрежесін, Warwick Business School-да (Ұлыбритания) MBA дәрежесін, сондай-ақ «Тұран» университетінде құқықтану бакалавры дәрежесін алды. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Еңбек сіңірген қаржыгер» Қоғамдық орденімен және «Мерей» Орденімен марапатталған. «Оптим Банк» ААҚ, «Jusan Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.



### САНЖАР ЖАМАЛОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

**Туған күні:** 1985 жылдың 20 мамыры

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Ең алғаш Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2022 жылдың 29 сәуірі

**Қазіргі Директорлар кеңесіне сайланған күні:**  
2022 жылдың 29 сәуірі

Қазақстандық және халықаралық компанияларда жұмыс тәжірибесі бар. Кәсіби портфолиосына «Қазкоммерц Секьюритис» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, ING Bank N. V. (Ұлыбритания), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сондай-ақ өкілдік басшысы лауазымына дейін өсе алған Қазақстандағы ИНГ Банк Н.В. (Нидерланды) өкілдігі сияқты ұйымдарда түрлі позицияларды қамтиды. Карлов университетінде (Чехия) қаржы математикасы бойынша бакалавр дәрежесін, Newcastle University (Ұлыбритания) халықаралық қаржы талдауы бойынша магистр дәрежесін, сондай-ақ Кембридж университетінде (Ұлыбритания) Executive MBA дәрежесін алды. CFA Charterholder-i. Сондай-ақ Bolashaq Investments, «Отбасы банк» АҚ және «Jusan Invest» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын ең маңызды сұрақтарды алдын ала қарайтын Директорлар кеңесінің комитеттері басқалармен қатар, Директорлар кеңесіне жүктелген міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз етеді.

### КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТ

Есепті кезеңде 15 отырыс өткізіліп, оның мақсаты, міндеттері мен құзыретіне сәйкес 33 сұрақ қаралды. Алайда Комитеттің бағытында да, саясатында да өзгеріс болған жоқ. Комитет 2022 жылы қараған маңызды сұрақтардың қатарында Jusan Bank-тің бюджетін және даму стратегиясын бекіту сынды қаржылық және стратегиялық жоспарлауға қатысты сұрақтар (Банк қызметінің негізгі басым бағыттарын анықтау және олардың болжамдық көрсеткіштерін бекіту) болды. Комитет басқарушылық есептілігін қарау барысында даму стратегиясын іске асыру және Банк бюджетінің атқарылуын талдау нәтижелеріне мониторинг, бақылау және бағалау жүргізді. Сондай-ақ Комитет кадр саясатын іске асыру, оның ішінде Банктің ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізу, басшы қызметкерлер мен Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді тағайындау/өкілеттіктерін тоқтату, Басқарма мүшелеріне басқа ұйымдарда бір уақытта жұмыс істеуіне келісім беру және т.б. сұрақтарды қарады. Сонымен қатар Комитет құзыреті шегінде Банктің ІНҚ жобаларын және оларға түзетулерді қарады.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банкте тұрақты жұмыс істейтін Директорлар кеңесінің 3 комитеті болды, олардың қызметі жекелеген ережелермен реттеледі.

### ІШКІ АУДИТ БОЙЫНША КОМИТЕТ

Есепті кезеңде 20 отырыс өткізіліп, оның мақсаты, міндеттері мен құзыретіне сәйкес 43 сұрақ қаралды. Алайда Комитеттің бағытында да, саясатында да өзгеріс болған жоқ. Есепті кезеңдегі Комитет отырыстарында ішкі аудит сұрақтары, атап айтсақ, Jusan Bank-тің 2021 жылдың аудиттелген жекелеген және шоғырландырылған қаржы есептілігі, филиалдар мен еншілес ұйымдардың қызметіне жүргізілген аудит нәтижелері туралы, Банк процестерінің аудитінің нәтижелері туралы есебі қаралды. Ескертулерді/бұзушылықтарды жою және аудит нәтижелеріне сәйкес ұсыныстарды орындау бойынша Шаралар жоспары, ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша Банк құрылымдары жүргізген іс-шаралар мониторингі нәтижелері туралы есеп қаралды. Есепті кезеңде ішкі аудит құрылымдарының қызметін ұйымдастыруға қатысты бірқатар сұрақтар, сыртқы аудит сұрақтары қаралды. Сондай-ақ Комитеттің тікелей қызметін ұйымдастыруға қатысты сұрақтар қаралды, оның ішінде Комитеттің 2021 жылға арналған қызметінің қорытындылары туралы есеп, Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бар.


### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ БОЙЫНША КОМИТЕТ

Есепті кезеңде 11 отырыс өткізіліп, оның мақсаты, міндеттері мен құзыретіне сәйкес 32 сұрақ қаралды. Алайда Комитеттің бағытында да, саясатында да өзгеріс болған жоқ. Есепті кезеңдегі отырыстарда Jusan Bank басшылығының тәуекел және ішкі бақылау сұрақтары бойынша есебі қаралды, атап айтсақ: комплаенс-тәуекелдерді бағалау және басқару нәтижелері туралы; ішкі бақылау бойынша; процестердің сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы; Банк қызметіне әсерін талдау нәтижелері туралы; күтпеген тәуекелді талдау нәтижелері туралы; нарық тәуекелін бағалау үлгілерін бэк-тестілеу нәтижелері туралы; Төтенше жағдайларды қаржыландыру жоспарын талдау нәтижелері туралы; қаржы мониторингі және АЖ/ТҚ тәуекелін бағалау нәтижелері туралы; шоғырландырылған негізде Банктің қаржы тәуекелдеріне ұшырауы туралы; өтімділік тәуекелін басқару бойынша; нарық тәуекелін басқару бойынша; капиталды басқару бойынша; несие тәуекелін басқару бойынша; операциялық тәуекелдерді басқару бойынша, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері және т.б. Бұдан бөлек құзыретіне әзірлеу/қарау жататын Комитет Банктің ІНҚ бекітуіне қатысты сұрақтарды алдын ала қарады.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

Директорлар кеңесі комитеттерінің саны мен құрамы, оның ішінде комитеттердің төрағаларын сайлау, комитеттердің өкілеттік мерзімдері Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады. Тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы тиіс Ішкі аудит жөніндегі комитетті қоспағанда, Комитеттер Директорлар кеңесінің мүшелерінен және белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан (сарапшылық комитет мүшелерінен) тұрады.



2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша:

Шигео Катсу – Jusan Bank-тің Директорлар кеңесінің төрағасы, Ішкі аудит бойынша комитеттің мүшесі.



Директорлар кеңесінің мүшесі Нұрдәулет Айдосов – Консультациялық комитеттің, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша комитеттің және Ішкі аудит бойынша комитеттің мүшесі.



Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Санжар Жамалов – Консультациялық комитеттің, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша комитеттің және Ішкі аудит бойынша комитеттің төрағасы.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ШОЛУ

### Басқарма

Jusan Bank Басқармасы – тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы орган және Директорлар кеңесіне есеп береді.

Оның сандық және дербес құрамы, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Банк Басқармасының мүшелері, оның Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Банк Басқарма Төрағасы атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ. Банктің Басқарма Төрағасының басқа банктерде, оның ішінде банктер бір-біріне қатысты бас және еншілес ұйымдар болып саналатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып саналатын банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалдарында атқарушы орган мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Басқарма таңдалған бизнес үлгісіне және тәуекел профиліне сәйкес Jusan Bank-тің ағымдағы қызметін басқарады. Басқарма акционерлердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың мүдделерін ескере отырып, заңнамаға, Жарғыға және оның өкілеттіктеріне сәйкес Банкті басқаруға жауапты.

Басқарманың қызметін бақылау Директорлар кеңесі, оның ішінде Директорлар кеңесі бекіткен стратегия мен саясатты, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін Басқарманың іске асыруын бақылау арқылы жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Басқарма қызметінің жұмысын Басқарма туралы ережеде белгіленген критерийлер бойынша бағалайды.

2022 жылдың аяғында Jusan Bank Басқармасының құрамында 7 мүше болды, оның 2-і әйел. Басқарма құрамы мүшелерінің біліктілігі, тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңгерімді болды.

Басқарма отырыстарын қажетіне қарай Басқарма төрағасы немесе оны орынбасары шақырады. Есепті кезеңде барлығы 159 отырыс өткізілді.

Басқарма құрамында іс-әрекеттерді үйлестіретін және Банк қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша ақпаратты талдайтын комитеттер, дирекциялар және жұмыс топтары бар. Басқарма төрағасының төрағалығымен тұрақты даму саласындағы негізгі шешімдер мен бастамалардың, іс-шаралар мен әрекеттер жоспарлардың әзірленуін және іске асырылуын дамытуды, корпоративтік ESG күн тәртібі аясында Jusan Bank негізгі құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін ESG Жұмыс тобы жұмыс істейді.

” Басқарма отырыстарын қажетіне қарай Басқарма төрағасы немесе оны орынбасары шақырады. Есепті кезеңде барлығы 159 отырыс өткізілді ”

## КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫЛЫҚ

Корпоративтік хатшылық өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді.

Корпоративтік хатшылық Директорлар кеңесі қызметінің корпоративтік рәсімдерге сәйкес келуін және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі мүшелері мен атқарушы басшылық арасындағы өзара әрекеттесуді, сондай-ақ Банктің акционерлер құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіреді. Корпоративтік хатшылықтың қызметі мен функциялары тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

” Корпоративтік хатшылықтың қызметі мен функциялары тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттеледі ”

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІ МЕН БАСҚАРМА СЫЙАҚЫСЫ

Jusan Bank негізгі басқарушы персоналға әділ сыйақы береді, бұл Банкке ұзақ мерзімді табысты дамуы үшін қажетті тәжірибесі мен дағдылары бар жоғары білікті мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

2022 жылы негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жалпы сомасы 2 616 миллион теңгеге жетті.

Jusan Bank Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен реттеледі. Сыйақы мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізіледі және Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосымшада белгіленеді. Акционерлердің пікірі оларға сыйақы мөлшерін анықтау мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру аясында ескеріледі.

Жылдық қаржы есептілігі нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы төленуі мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелеріне жұмысқа қабылданған кезде бонустар немесе көтермелеу төлемдері, сондай-ақ олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда өтемақылар қарастырылмаған, бірақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен мақұлданыуы мүмкін.

Банк Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуына және оларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауына байланысты кеткен шығындарын өтейді:

- іссапар мен брондау шығындарын растайтын құжаттар негізінде басқару міндеттерін атқаратын жерге барып-келуіне кеткен жол шығындары;
- тұрғын үйді жалдау және брондау бойынша шығындарды растайтын құжаттар негізінде басқару міндеттерін орындау үшін іссапарға кеткен уақыт ішінде тұрғын үйді жалға алуға кеткен шығындар;
- Директорлар кеңесінің мүшесіне басқару міндеттерін орындау үшін іссапарға кеткен уақыт үшін төленетін ақша сомасы (тәуліктік);
- шығындарды растайтын құжаттар негізінде келуге және шығуға рұқсаттарды (визаларды) беру кезінде кеткен шығындар.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІ МЕН БАСҚАРМА СЫЙАҚЫСЫ

Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшерін есептеу және оларды төлеу тәртібі 2022 жылдың қыркүйегінде Директорлар кеңесі бекіткен Банктің тиісті ІНҚ-мен, атап айтқанда, Басшы қызметкерлер үшін сыйақылар, ақшалай сыйақыларды есептеу, сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа түрлері бойынша саясатпен реттеледі.

Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі белгіленген және белгіленбеген сыйақыдан тұрады.

Белгіленген сыйақыға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және еңбек шартында көзделген жағдайларда төленетін лауазымдық жалақы, тұрақты сипаттағы төлемдер (мысалы, мереке және демалыс күндеріне арналған төлемдер, әлеуметтік және өтемақы төлемдері және т.б.) жатады.

Басқарма төрағасының және басқарма мүшелерінің жалақысы Jusan Bank-тің Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Басқарма Төрағасы мен мүшелері Банктің қызметкерлері, сондықтан Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес олармен еңбек шарты жасалған, онда еңбекақы төлеу шарттарына қойылатын міндетті талаптар қамтылған. Жалақы төлеу еңбек заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады, айына бір рет есепті айдың соңғы күні төленеді.

Белгіленбеген сыйақы тұрақты сипатқа ие емес және Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерін материалдық ынталандыру мақсатында төленеді. Белгіленбеген сыйақыны төлеу мынадай нысанда жүзеге асырылады:

- есепті қаржы жылының тиімділігін бағалау нәтижелеріне қарай төленетін бонустар;
- белгілі бір міндеттерді, әсіресе маңызды және жауапты тапсырмаларды сәтті орындағаны үшін төленетін біржолғы сыйақылар;
- Банк акциялары, бұл ретте Банк акцияларын оның жетекшілеріне белгіленбеген сыйақы ретінде беру үшін акциялар пакетінің жалпы мөлшері белгіленбеген сыйақы ретінде бұрын берілген барлық акцияларды ескере отырып, дауыс беретін акциялардың жалпы санының 5 %-ынан аспауы керек. Бұл акцияларды Банктің сатып алу міндеттемесінсіз кемінде 3 жыл бойы иелену міндетті шарт болып саналады.

Есепті қаржы жылындағы жұмыс нәтижелері бойынша белгіленбеген сыйақы мөлшері Jusan Bank-тің қаржы нәтижелеріне, яғни қаржы көрсеткіштерінің орындалуына, орындалмауына немесе асыра орындалуына байланысты. Есепті қаржы жылындағы Банк қызметінің нәтижелері бойынша мақсатты орындау коэффициенті кірісті, тәуекел деңгейін, капиталды қоса алғанда және Банк белгілеген шектерде негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуді ескере отырып есептеледі. Белгіленбеген сыйақы мөлшері әрбір басшы үшін жеке есептеледі.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін Дивидендтік саясат туралы ережемен реттеледі.

### Jusan Bank акционерлеріне дивидендтер төлеу шарттары:

- Банктің өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша алған таза пайдасы;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген дивидендтер төлеу бойынша шектеулердің болмауы;
- Қаржы жылының, тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің болуы.

Дивидендтер төлеу мүмкіндігін Директорлар кеңесі дивидендтік саясат туралы ереженің нормаларын ескере отырып, Басқарма ұсынған жылдық бухгалтерлік есептілік, жылдық есеп негізінде Jusan Bank-тің өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне сәйкес, сондай-ақ акциялар бойынша дивидендтер төлеуге бөлу мақсатқа сай таза пайданың үлесін қоса алғанда, алынған таза пайданы бөлу туралы Басқарманың ұсыныстары негізінде қарайды.

Өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді, оның ішінде әрбір санаттағы акциялар бойынша дивиденд мөлшері, оны төлеу тәртібі мен нысаны туралы шешімдерді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана қабылданады.

Орналастырылмаған немесе Банктің сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

” Дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін Дивидендтік саясат туралы ережемен реттеледі ”

## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Jusan Bank ESG корпоративтік басқарудың жоғары сапасы мен тиімділігін бизнестің табыстылығының маңызды элементі ретінде қарастырады. Тұрақты дамудың сұрақтарын басқару Банктің барлық ұйымдық деңгейлеріндегі қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесіне кезең-кезеңмен біріктірілуде.

Экономикалық, басқарушылық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау өкілеттігі Jusan Bank-тің басқару органдары арасында бөлінеді.

Тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағыттарды әзірлеуді, түпкілікті шешімдер мен саясатты бекітуді, қол жеткізген нәтижелерді бағалауды Директорлар кеңесі, ал тиісті функциялар болған жағдайда Басқарма жүзеге асырады. Сонымен қатар Басқарма тұрақты даму саласындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық жасау мақсатында Jusan Bank-тің ESG тиімді және теңгерімді трансформациясына мән беріп, ESG әртүрлі тақырыптары мен бағыттары бойынша сұрақтарды басқаруға, үйлестіруге және бақылауға қатысуды күшейтуге ұмтылады.

Директорлар кеңесі Банктің басқару органы ретінде корпоративтік даму стратегиясын бекітуге, тұрақты даму мәселелерін стратегиялық жоспарлауды бақылауға, тұрақты даму саласындағы

Jusan Bank қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау және негізгі ІНҚ-ны бекітуге жауапты, Банктің ESG трансформациясын қолдауға және Банктің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің кілті ретінде жауапты банк қызметі принциптерін стратегиялық жоспарлауға біріктіруге бағытталған, жаһандық банк секторында қолданылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін озық тәжірибелер мен корпоративтік басқару стандарттарын енгізуге жауапты. Қазіргі уақытта Банк біздің қызметімізге ESG принциптерін одан әрі енгізу мақсатында ІНҚ пакетін қайта қарауда.


Тұрақты даму контекстіндегі қызметті үйлестіру ESG және Корпоративтік коммуникациялар қызметі бойынша басқарушы директордың жауапкершілігінде. Тұрақты даму саласындағы ұсыныстарды әзірлеуге жауапты консультативтік-кеңесші орган – Басқарма Төрағасы басқаратын ESG жұмыс тобы, оның құрамына басқарманың барлық мүшелері кіреді. Белгілі бір іс-шаралар мен бастамаларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары жауапты.

2022 жылдан бастап Jusan Bank қаржылық емес тұрақты даму есептерін жариялайды және олардағы ақпаратты жинау, талдау және ашу процесін үнемі жетілдіріп отырады.

” Jusan Bank ESG корпоративтік басқарудың жоғары сапасы мен тиімділігін бизнестің табыстылығының маңызды элементі ретінде қарастырады ”



## JUSAN BANK-ТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ





## ІСКЕРЛІК ЭТИКА

Біз этикалық және әділ іскерлік мінез-құлық, адалдық пен ашықтық принциптерін сақтау табысты қызметтің алғышарты, сондай-ақ мүдделі тараптардың сенімінің кепілі екеніне сенімдіміз. Jusan Bank мүдделі тараптармен орната алған ашық және адал қарым-қатынасымызды бағалайды.

Банк қызметкерлеріміздің мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріндегі нұсқаулар мен көзқарастарға негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастырады, бұл бизнес-стратегияны сәтті жүзеге асыру үшін де, ортақ корпоративтік мақсаттарға жету мақсатында әртүрлі команданы біріктіру үшін де қажет.

Іскерлік этиканы басқару Комплаенс блогының жауапкершілігіне кіреді. Корпоративтік мәдениет кодексінің сақталуын бақылауды Директорлар кеңесі, Басқарма, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

Jusan Bank-те Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік мәдениет кодексі бар және корпоративтік веб-сайтта көпшілік үшін қолжетімді.

Кодекс корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және әрбір қызметкердің тиімділігін арттыруға, өзара әрекеттесу мен түсіністікті жақсартуға, еңбек этикасы мен іскерлік мінез-құлық мәдениетіне қатысты күрделі, ерекше жағдайларда мінез-құлық бойынша нұсқаулықтарды белгілеуге арналған.

Корпоративтік мәдениет кодексінде лауазымына қарамастан Банктің барлық қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері бар. Кодекс қызметкерлеріміз Банктің олардан не күтетінін түсіну үшін ашық, жан-жақты және инклюзивті ортаны ілгерілетуге арналған.

Jusan Bank Корпоративтік мәдениет кодексін тиімді жүзеге асыру үшін қызметкерлердің оның принциптері мен ережелері туралы хабардар болуын арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

Қызметкерлер Корпоративтік мәдениет кодексімен танысуға міндетті. Банк қызметкерлерінің этикалық принциптер мен құндылықтарға адалдығын қамтамасыз етуге бағытталған корпоративтік іс-шаралар өткізіледі.

Қызметкерлердің жұмысын бағалау жүйелері Корпоративтік мінез-құлық кодексінің сақталуын қамтиды. Атап айтқанда, Jusan Bank-те қызметкерлердің корпоративтік құндылықтар мен құзыреттерге сәйкестігін бағалау арқылы өлшенетін өнімділікті бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерге бонустар төлеу жүйесі бар.

2022 жылы Банкте сыбайлас жемқорлық, Корпоративтік әдеп кодексін сақтау сияқты стратегиялық салаларда іскерлік этиканы бұзу орын алған жоқ.

Қызметкер іскерлік этика қағидаларын бұзған жағдайда тәртіптік жаза қолданылады. Қызметкерлер лауазымдық нұсқаулықтарына

” Jusan Bank-те Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік мәдениет кодексі бар және корпоративтік веб-сайтта көпшілік үшін қолжетімді ”

## ІСКЕРЛІК ЭТИКА

сәйкес Корпоративтік мәдениет кодексінде бекітілген міндеттерді тиісінше немесе уақытылы орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Қызметкерлер Корпоративтік мәдениет кодексі талаптарының бұзылғаны туралы тікелей Бас комплаенс бақылаушыға Jusan Bank порталы/I-Manager қызметі арқылы құпия немесе жасырын хабарлама жіберу арқылы хабарлай алады.

Jusan Bank қолданыстағы заңдарды құрметтейді және қатаң сақтайды, әрбір қызметкердің және барлық мүдделі тараптардың пікірі бағаланатын ашықтық мәдениетін қолдайды.

Біз алаяқтықтың кез келген түріне, кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлыққа, бәсекелестікке қарсы тұруға, кемсітушілікке немесе қудалауға мүлдем жол бермейміз.

Jusan Bank саяси шешімдерге ықпал ететін саяси науқандарды, саяси ұйымдарды, лоббистерді, сауда бірлестіктерін немесе

салықтан босатылған басқа топтарды қаржыландырмайды. Jusan Bank мемлекеттік және жергілікті билік органдарының немесе байланысты тұлғалардың Банк пайдасына шешім қабылдау процесіне ықпал ету мақсатында мақсатты түрде жүзеге асырылатын қайырымдылық жобаларын қолдамайды.

Сонымен қатар біз Банктің нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу үшін қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмаймыз.

Банк жауапты маркетинг принциптерін ұстануға ұмтылады және клиенттерді теріс реакцияға немесе жаңылыстыруға жол бермеу үшін маркетинг коммуникацияларына үлкен көңіл бөледі. Jusan Bank этикалық стандарттарға сәйкес келмейтін немесе клиенттің құқықтарын бұзуы мүмкін жарнамаларды құптамайды.

” Jusan Bank қолданыстағы заңдарды құрметтейді және қатаң сақтайды, әрбір қызметкердің және барлық мүдделі тараптардың пікірі бағаланатын ашықтық мәдениетін қолдайды ”

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Jusan Bank мүлдем төзбеушілік принципін ұстана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң бақылау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша барлық негізделген шараларды жүзеге асыруға ұмтылады.

Есепті кезеңде Банкте расталған сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жоқ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға байланысты айыппұлдар немесе қаржылық емес санкциялар салынбаған. Қызметкерлермен және клиенттермен кері байланыс арналары арқылы Банк қызметіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы дәлелді шағымдар түскен жоқ.

Банк өзінің күнделікті қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын басшылыққа алады. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдыңғы қатарлы стандарттарды, соның ішінде БҰҰ Жаһандық шартының тиісті принциптерін сақтауды қамтамасыз етуге тырысамыз.

Jusan Bank-те Директорлар кеңесі бекіткен Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі саясаты бар. Саясат талаптары Банктің барлық қызметкерлері үшін міндетті.

Саясат Банк қызметкерлерінің заңсыз, этикалық емес, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтау, алдын алу және барынша азайту мақсатында әзірленген. Ол Қазақстан Республикасы заңнамасының және қолданыстағы халықаралық құқық ережелерінің талаптарын, оның ішінде әлеуетті түрде бұзуы мүмкін жағдайлар мен әрекеттердің алдын алу және жолын кесу мақсатында барлық қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық әрекеттердің мәнін, олардың нысандары мен көріністерін біркелкі түсінуді дамытуға бағытталған.

**Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету кезінде келесі принциптерге негізделеді:**

- заңдылық және этика;
- кез келген нысандағы және көріністегі сыбайлас жемқорлықты және сыбайлас жемқорлық әрекеттерді қабылдамау;
- корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне және сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне ымырасыз қатынас;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерге, оның ішінде Банктегі мүдделер қақтығысының көріністеріне жол бермеу;
- банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысына белсенді қатысу.

Банктің қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағалауға жатады. Jusan Bank қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттері ретінде қарастырылатын әрекеттерге тыйым салынған және онымен шектеліп қалмайды, атап айтқанда: пара беру, пара алу, пара алуда делдалдық жасау, коммерциялық пара алу, қызмет бабын асыра пайдалану және қаржылық немесе өзге де игіліктер немесе артықшылықтар алу мақсатында Банктің заңды мүдделеріне қайшы басқа өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалану.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берген қызметкерлер мен өзге де тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту көзделген. Jusan Bank Басқармасы мен Директорлар кеңесі Банк қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жалпы талаптарды жүзеге асыруға, Банк қызметкерлерінің Саясат талаптарын орындауын бақылауға жауапты. Банктің бөлімшелері мен филиалдарының басшылары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мақсатында тұрақты негізде бақылау мен мониторингті жүзеге асыруға міндетті. Jusan Bank-те Директорлар кеңесі бекіткен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Саясаты бар.

” Jusan Bank-те Директорлар кеңесі бекіткен Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі саясаты бар ”

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Комплаенс бақылау блогы берілген өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы ішкі аудиттер мен тергеулерді бастауға және оларға қатысуға құқылы.

Саясат талаптары Банк жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге де іскерлік қатынастарды орнатқан кезде сақталады. Мердігерлермен және жеткізушілермен жасалған шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтар бар.

Банк сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысқан немесе қатысуы мүмкін клиенттермен, контрагенттермен және басқа да тұлғалармен іскерлік қарым-қатынастар орнату кезінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасын бұзу тәуекелін барынша азайту үшін мән-жайларға негізделген және қолжетімді шаралар қабылдайды. Осыған байланысты Банк:

- әлеуетті клиенттердің, контрагенттер мен басқа да тұлғалардың, олардың акционерлері мен бенефициарлық меншік иелерінің іскерлік беделіне Банк белгілеген тәртіппен, оның ішінде жалпыға қолжетімді дереккөздерде жағымсыз ақпараттың болуына талдау жасайды;

- әлеуетті клиенттерді, контрагенттерді немесе басқа тұлғаларды Банктің Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы принциптері мен талаптары туралы, оның ішінде осы тұлғалармен жасалған келісім мен шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиісті баптарын енгізу жолымен хабардар етеді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы принциптер мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өзара көмек көрсетуге дайындығын ескереді.

Jusan Bank қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі саясаттың негізгі ережелері бойынша тұрақты оқытуды жүргізеді. Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу

және оған қарсы күрес жөніндегі саясаттың талаптарымен танысуға міндетті.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлықты анықтау және жолын кесу бойынша түрлі шаралар қабылданды, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы техникалық шешімдерді тестілеу, Банк қызметкерлері мен контрагенттерді сенімділік пен мүдделер қақтығысына тексеру жүргізілді.

Атап өтерлік жайт, егер Банк қызметкерінің басқа қызметкерлердің, клиенттердің, контрагенттердің немесе Банкпен өзара әрекеттесетін басқа тұлғалардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы ақпарат немесе күдігі болса, ол электрондық құжат айналымы жүйесі немесе анонимді арна арқылы қызметтік хат жіберу арқылы COMPLIANCE бақылау блогына хабарлауға міндетті. Қызметкерлердің анонимді арна арқылы берген ақпараты құпия ақпарат ретінде жіктеледі.

Банк барлық қызметкерлерге қатысты құпиялылық принципінің сақталуына, сондай-ақ мәлімделген ақпарат мүмкіндігінше тезірек тексерілетініне және ол сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болжамды фактісі туралы хабарлаған болса, оның ішінде шағымда көрсетілген фактілер тексеру барысында расталмаған жағдайда ақпаратты берген қызметкерге санкциялар қолданылмайтынына кепілдік береді.

Jusan Bank еншілес ұйымдарының біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымыздың негізгі принциптеріне сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруын қолдайды.

Іскерлік серіктестер Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың кез келген нысанын қабылдамайтыны туралы хабар етіледі. Контрагенттермен жасалған әрбір шартта сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау қажеті туралы ереже бар.

” Іскерлік серіктестер Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың кез келген нысанын қабылдамайтыны туралы хабар етіледі. Контрагенттермен жасалған әрбір шартта сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау қажеті туралы ереже бар ”

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытылған Банк қызметкерлері

Басқару органдарының мүшелері	33%
Басқа қызметкерлер, барлығы	98%
Бас кеңсе (Алматы қ.)	90%
Алматы филиалы	91%
Астана филиалы	98%
Оңтүстік Қазақстан филиалы	98%
Қарағанды филиалы	98%
Павлодар филиалы	99%
Алматы облыстық филиалы	100%
Солтүстік Қазақстан филиалы	100%
Жамбыл филиалы	100%
Ақтөбе филиалы	98%
Атырау филиалы	98%
Маңғыстау филиалы	100%
Қостанай филиалы	100%
Ақмола филиалы	99%
Шығыс Қазақстан филиалы	97%
Түркістан филиалы	99%
Батыс Қазақстан филиалы	100%
Қызылорда филиалы	100%
Семей филиалы	100%
Жетісу филиалы	100%

## ҚАРЖЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

Jusan Bank қаржы қылмысы мен Банк саясатына және оған байланысты қаржы қылмыстарын бақылауды айналып өту әрекетіне мүлдем жол бермейді.

Ұлттық заңнамаға сәйкес Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару жүйесін әзірледі. Jusan Bank қаржы мониторингінің субъектісі бола отырып, реттеуші органдардың талаптарын қатаң сақтайды, комплаенс пен АЖ/ТҚҚ саласындағы озық тәжірибелерді ұстанады.

АЖ/ТҚҚ басқару жүйесі тәуекелге бағытталған тәсілге және қорғаныстың үш желісін ұстануға негізделген, мұнда бірінші қорғаныс сызығы Jusan Bank-тің барлық қызметкерлері; екінші қорғаныс желісі – Қаржы мониторингі департаменті; үшінші қорғаныс желісі АЖ/ТҚҚ ішкі басқару жүйесінің тиімділігін бағалайтын Ішкі аудит қызметі қадағалайды. Қаржы мониторингі департаменті қаржы қылмыстарына қарсы күресті бақылауды жүзеге асырады.

Банкте Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару саясаты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Ішкі бақылау қағидалары бар, FATF оларда ұсыныстар ескерілген. Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері бұл құжаттардағы ережелерді орындауы міндетті және Jusan Bank еншілес ұйымдарына ұстануға ұсынылады.

Клиенттерді тиісті идентификация процедураларының бөлігі ретінде тиімді бақылау және білу – қаржы қылмысына қарсы күрестің маңызды құрамдас бөліктері.

Банкте клиентті тиісінше тексеру және клиентті сәйкестендіру бағдарламасын іске асыру үшін Клиентті сәйкестендіру ережесі, Клиент операцияларын бақылау және зерделеу бағдарламасын айқындайтын Клиенттік операциялар мен меншікті операцияларды бақылау және зерделеу туралы ереже бар. «Клиентті тани білу» процедуралары арқылы бақылау барлық тұтынушылардың дұрыс сәйкестендіруге, тәуекелді бағалауға және мерзімді тексерулер жүр-

гізілуін қамтамасыз етеді. Қашықтан іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде клиенттерді тиісті тексеру жүргізіледі. Транзакцияны бақылау тәуекелді транзакцияларды болдырмайды немесе анықтайды, сондай-ақ талданатын және зерттелетін ескертулер жасайды.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қатысты Тәуекелдерді басқару саясатының талаптарын ескере отырып, Банкте басқаларымен қатар мыналар қарастырылған:

- талаптарға сәйкес келмейтін, FATF ұсыныстарын жеткіліксіз орындайтын мемлекеттер мен аумақтардың тізбесіне енгізілген шет мемлекеттердің резиденттері болып саналатын клиенттердің және/немесе контрагенттердің қатысуымен сыртқы сауда шарттарына қызмет көрсету кезінде, шетел валютасындағы төлемдер мен аударымдарды орындауға қабылдау кезінде тыйым салу немесе арнайы күшейтілген қаржылық мониторинг;
- іскерлік қарым-қатынастарды орнату немесе жалғастыру кезінде тұлғаның азаматтығына қарамастан және/немесе оның отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының АЖ/ТҚҚ істеріне қатыстылығы үшін саяси ықпалы бар адамдарды анықтау және тексеру;
- клиент (оның өкілі) және/немесе бенефициарлық меншік иесі террористер мен экстремистер тізімінде, санкциялық тізімде болса, клиентпен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тарту.

Клиентті тиісті тексеру нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ қаржы мониторингіне жататын ақшамен немесе басқа мүлікпен жасалған операциялар туралы, сондай-ақ күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер Банкте көрсетілген күннен бастап клиентпен іскерлік қатынастарды немесе мәмілелерді тоқтатылғаннан кейін кемінде 5 жыл сақталады.

” Jusan Bank қаржы қылмысы мен Банк саясатына және оған байланысты қаржы қылмыстарын бақылауды айналып өту әрекетіне мүлдем жол бермейді ”

## ҚАРЖЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

### АЖ/ТҚҚ саласында қызметкерлерді оқыту

РАЖ/ТҚҚ саласындағы қызметкерлердің кәсіби даярлығы үнемі жаңартылып отырады. Ол қызметкерлердің Банктің реттеуші міндеттемелерін, ақшаны жылыстату сияқты нақты қаржы қылмыстарының негізгі тетіктері мен ерекшеліктерін түсінуіне, қаржы қылмыстарының тәуекелдерін анықтауға және басқаруға бағытталған. Jusan Bank-те қызметкерлерді комплаенс-тәуекелдерді басқару, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бойынша оқытуға арналған Ереже бар.

Банкте АЖ/ТҚҚ саласындағы қызметкерлерді кәсіби даярлау саласындағы қызметті үйлестіретін комплаенс менеджерлер (Комплаенс бақылау блогы) бар.

### Қызметкерлерді оқытудың келесі түрлері қарастырылған:

- барлық қызметкерлерді міндетті түрде оқыту (таныстыру);
- тақырыптық оқыту;
- АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша ішкі оқыту.

Қызметкерлерді АЖ/ТҚ тәуекелдеріне міндетті оқыту дегеніміз оларды басқару процесімен қашықтан танысуы. Банк ішінде қызметкерді АЖ/ТҚҚ заңнамасын іске асыруға байланысты лауазымдарға қабылдау және ауыстыру кезінде барлық қызметкерлер АЖ/ТҚҚ заңнамасын және талаптарын сақтаумен байланысты функцияларды орындау алдында міндетті оқудан өтеді. Міндетті оқу курсы Jusan Bank ішкі желілік ресурсында орналастырылған презентация түрінде жасалуы мүмкін.

Болашақта ықтимал АЖ/ТҚ тәуекелдерін барынша азайту және сәйкестік мәселелері бойынша бөлімдер қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру мақсатында комплаенс бұзушылықтарды және анықталған АЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтау нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын кейс-стадиге негізделген тақырыптық интранеттік оқыту – тәуекелге негізделген тәсілдің негізгі түрі. Қызметкерлерді тақырыптық қашықтан оқыту және тестілеу Банктің «WebTutor персоналды оқыту, бағалау, дамыту және іріктеу жүйесі» (WebTutor ҚАЖ) бағдарламалық өнімін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Егер қыз-

меткер рұқсат етілген мәннен төмен нәтиже алса, оның сынақтан өтуге қосымша 2 әрекеті болады. АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша ішкі оқыту курсына клиентті тиісті тексеру процедурасы, кейс-стади, клиент қара тізімге енген кезде Jusan Bank қызметкерлерінің әрекетінің сипаттамасы, күдікті транзакция белгілері, қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру (жылыстату) схемалары бар. Ішкі интранет оқыту WebTutor ҚАЖ бағдарламасында жүзеге асырылады.

АЖ/ТҚҚ сұрақтары бойынша жоспарлы ішкі оқыту жылына бір рет оқудың жылдық жоспарында белгіленген тәртіпте және мерзімде, сондай-ақ АЖ/ТҚҚ сұрақтары бойынша оқытудан өтуі тиіс Банк бөлімшелерінің тізбесіне сәйкес жүргізіледі. Jusan Bank жетекші қызметкерлері жыл сайын АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару саласында тренингтен өтеді. АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша ішкі оқыту нәтижелері бойынша WebTutor ҚАЖ алған білім деңгейін анықтау үшін қызметкерлерді тестілеуден өткізеді.

### Jusan Bank WebTutor ҚАЖ жүйесінде қызметкерлерді қашықтан оқытудан басқа, АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша ішкі оқытудың келесі түрлерін пайдаланады:

- комплаенс бақылау бөлімшесі бейнебайланыс арқылы жүргізетін құрылымдық бөлімшелердің басшыларын қашықтан оқыту;
- Бас кеңсе қызметкерлері үшін комплаенс бақылау бөлімшесінің қызметкерлері өткізетін бетпе-бет семинарлар мен оқыту курстары;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары, жекелеген жағдайларда – комплаенс бақылау бөлімшесі жүргізетін Банк филиалдарының қызметкерлері үшін бетпе-бет және қашықтан семинарлар.

Банктің Комплаенс бақылау блогы қызметкерлері үшін сыртқы сарапшылар мен ұйымдарды тарта отырып оқыту жүргізіледі, оның нәтижесінде HR есеп жүргізу кезінде қызметкерлердің жеке істеріне қоса берілетін сертификаттар мен дипломдар беріледі.

Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру жөніндегі іс-шаралар ақшаны жылыстатумен, терроризмді қаржыландырумен және халықаралық санкцияларды айналып өтумен байланысты тәуекелдерді ерте анықтауға, сондай-ақ олардың алдын алу бойынша жедел және белсенді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

” Jusan Bank-те қызметкерлерді комплаенс-тәуекелдерді басқару, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бойынша оқытуға арналған Ереже бар ”

## МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

Jusan Bank мүлдем төзбеушілік принципін ұстана отырып, мүдделер қақтығысын қатаң бақылау және болдырмау үшін барлық ақылға қонымды шараларды жүзеге асыруға ұмтылады.

Мүдделер қақтығысын басқару – Банк шешімдерін қабылдау кезінде әділетсіз әрекеттерді болдырмау мақсатында корпоративтік басқарудың маңызды міндеті.

Jusan Bank қызметінде Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қайшылықтарды болдырмауға тырысады.

Есепті кезеңде Банкке қаржы жағдайына немесе беделіне нұқсан келтірген мүдделер қақтығысына байланысты расталған оқиғалар болған жоқ.

Банк мүдделер қақтығысын басқару саясатын бекітті. Қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысында туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын анықтау және шешу бойынша кешенді шаралар қабылданды.

**Мүдделер қақтығысын басқарудың маңызды шараларының қатарында мыналарды атап өтуге болады:**

- Қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ІНҚ және лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қызметтік міндеттерін қатаң сақтауы.
- Бөлімшелердің жауапкершілігі, әрбір қызметкердің өкілеттігі мен жауапкершілігі нақты белгіленген теңгерімді ұйымдық құрылымның болуы.
- Туыстарының басқа туысқа бағынумен байланысты лауазымдарға жұмысқа орналасуын немесе міндеттерді қояға және оларды орындау тиімділігін бағалау мүмкіндігіне әсер етуін шектеу.
- Мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін әрекеттерді болдырмау, атап айтқанда, қызметкерлер өздерімен немесе олардың отбасы мүшелерімен жеке байланыстары немесе қаржы мүдделері бар адамдарды тартатын мәмілелерге немесе келісімге қатысудан бас тартуы керек.
- Jusan Bank мүдделеріне қайшы келетін коммерциялық мәмілелерді жүргізу және жасау үшін пайдаланылуы мүмкін құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге тыйым салу.

- Жасырын сыйақыны білдіретін немесе Банктің іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген ынталандыру немесе бонустарды ұсынуға, аударуға немесе алуға тыйым.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасында мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Банктің мүдделі тұлғаларының тізімі жүйелі түрде жаңартылып, Jusan Bank басшылығының мүшелеріне олар бақылайтын тұлғалар немесе оларға қатысты, сондай-ақ басқа компанияларда атқаратын лауазымдар туралы міндетті түрде хабарлау тәжірибесі пайдаланылады.

Директорлар кеңесі туралы қолданыстағы Ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері мүддесі бар сұрақтарға қатысты шешім қабылдауға дауыс беруден бас тартуы керек, бұл ретте Директорлар кеңесіне осындай мүдделі фактіні де, сондай-ақ оның пайда болу негіздері жайлы хабардар ету керек.

Jusan Bank-тің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ешбір қызметі Банк алдындағы міндеттемелерін бұзбауы немесе оның беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Банк ресурстарын теріс пайдалануға тыйым салынады. Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз әрекеттерінің сипатын ескеріп, мүдделер қақтығысы ретінде қабылдануы мүмкін жағдайларды болдырмауы қажет. Банк мүдделер қақтығысының белгілерін анықтауға бағытталған бақылау рәсімдерін жүзеге асырады. Мүдделер қақтығысын бақылау және мониторингі Сәйкестікті бақылау бөлімінің жауапкершілігі болып саналады.

**2022 жылдың бақылау рәсімдерінің нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысының белгілі бір сипатының болуы анықталды, олардың барлығы шешілді:**

- жұмыс істейтін туыстар саны – 122 жұп, оның ішінде мүдделер қақтығысының 6 белгісі анықталды;
- толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлер саны – 49, оның ішінде мүдделер қақтығысының 3 белгісі анықталды.

” Мүдделер қақтығысын басқару – Банк шешімдерін қабылдау кезінде әділетсіз әрекеттерді болдырмау мақсатында корпоративтік басқарудың маңызды міндеті ”



## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕМСІТПЕУШІЛІК

Jusan Bank өңірлердің дамуына елеулі үлес қосып жатқан ірі жұмыс беруші ретінде Jusan Bank адам құқықтары саласындағы ерекше жауапкершілікті ескереді.

Банк Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнама-сын, 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактіде, Экономикалық әлеуметтік және мәдени құқықтар 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық шартында бекітілген адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарды сақтайды.

Jusan Bank адам құқықтары, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер принциптерін айқындайтын 2023 жылға арналған Адам құқықтары, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер саясатын қабылдады. Аталған Саясаттың талаптары Банктің барлық бөлімшелері үшін міндетті.

Біздің негізгі тәсіліміз бойынша жынысына, тіліне, жасына, дініне, этникалық тегіне, нәсіліне, әлеуметтік тегіне, мүлкілік және басқа да белгілері мен сипаттарына қарамастан, барлық адамдар еркін және қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша тең.

Біз еңбек ұжымында өзара сыйластық атмосферасын құруға тырысамыз. Біз үшін қоғамдық-мәдени әртүрлілікке, қызметкерлерге тең мүмкіндіктерге және инклюзияға кепілдік беру – ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің маңызды фактор.

Банк басқа адамдарды немесе басқа ұйымдарды адам құқықтарын бұзуды қолдайтын, ынталандыратын немесе итермелейтін кез келген әрекетті құптамайды.

Банк, оның ішінде өзінің іскерлік серіктестерінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбектің кез келген нысанын, сондай-ақ адам саудасымен байланысты кез келген тәжірибені қабылдамайды.

Jusan Bank жеке ерекшеліктері мен белгілері бойынша адамдық қадір-қасиетін тікелей және жанама кемсітуге және таптауға жол бермейді. Кемсітушіліктен қорғалмаған деп есептейтін қызметкерлер қолжетімді кері байланыс арналары арқылы өтініш беруге құқылы.

Есепті кезеңде Банкте жынысына, дініне, этникалық тегіне, нәсіліне, әлеуметтік тегіне, мүлкілік жағдайына байланысты кемсітушілік немесе кемсітушіліктің басқа нысандары бойынша расталған оқиғалар болған жоқ. Банктің лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің кемсітушілік мінез-құлыққа және адамдық қадір-қасиетіне қол сұғуға қатыстылығын анықталған жағдайлар тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады.

Барлық қызметкерлерге саяси көзқарастары мен дүниетанымына қарамастан құрметпен қарайды. Банк қызметкерлердің сөз бостандығы мен ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, Банк қызметкерлерінің ешқайсысының еңбек құқықтары шектелмеуі тиіс.

Банк бар құзыреттерді ескере отырып, тұлғаның іскерлік қасиеттеріне қатысы жоқ жеке ерекшелік белгілеріне қарамастан лауазымдық нұсқаулықтар шегінде нақты анықталған және жалпы қабылданған жұмысқа қабылдау мен еңбекті нормалау ережелеріне сәйкес жұмыс орындарына және қызметкерлерге барлық үміткерлерге тең мүмкіндіктер береді.

Бұл принцип Банк қызметкерлерін еңбекке орналастырудың барлық аспектілеріне, соның ішінде жалақы мен еңбек жағдайларына, оқуға, мансаптық өсуге, жұмыстағы тәртібіне, тәртіптік процедураларға, лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес еңбек шартын тоқтатуға қатысты. Банк қызметкерлермен қарым-қатынаста бірдей құнды еңбек үшін бірдей сыйақыны қамтамасыз етуге ұмтылады.

” Jusan Bank өңірлердің дамуына елеулі үлес қосып жатқан ірі жұмыс беруші ретінде Jusan Bank адам құқықтары саласындағы ерекше жауапкершілікті ескереді ”

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕМСІТПЕУШІЛІК

Сонымен қатар Банк орналасу аймақтарының тұрғындарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында жұмысқа қабылдау кезінде жергілікті тұрғындар арасынан қажетті тәжірибесі мен құзыреті бар үміткерлерге басымдық беруге ұмтылады. Банк қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты сияқты еңбек заңнамасының нормаларын сақтайды. Осылайша, біз жұмыс пен жеке уақыт арасындағы теңгерімді сақтай отырып, қызметкерлердің жеке өмірі құқығын қамтамасыз етеміз.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Банк ұжымдық шарттарды жасау тәжірибесін енгізген жоқ. Себеп: тараптардың ешқайсысы (жұмыс беруші және олардың өкілдері ретіндегі қызметкерлер) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 156 баптың 2-тармағына сәйкес ұжымдық келіссөздерді бастауға ниет білдірген жоқ.

Jusan Bank өз қызметі аясында адам құқықтарына қатысты кез келген келеңсіз оқиғалар мен салдарды тиісті тексеру арқылы анықтауға және алдын алуға ұмтылады.

Біз мүдделі тараптармен ашық диалог, тәуекелдерді бақылау және озық тәжірибелерді енгізу арқылы адам құқықтарын қолдаудағы корпоративтік тәжірибені жақсартуға ниеттіміз.

Банк клиенттердің, жеткізушілердің, іскер серіктестердің және басқа да мүдделі тұлғалардың адам құқықтарын, әртүрлілік пен тең мүмкіндіктердің негізгі принциптері сақтауын құптайды.

Jusan Bank өз қызметінің аясында байырғы және ұсақ халықтар тұратын аумақта жоқ және оларға әсер етпейді. Сонымен бірге біз байырғы және шағын халықтардың құқықтарын, мәдени ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеу принципін қолдаймыз.

” Jusan Bank өз қызметі аясында адам құқықтарына қатысты кез келген келеңсіз оқиғалар мен салдарды тиісті тексеру арқылы анықтауға және алдын алуға ұмтылады ”

” Біз мүдделі тараптармен ашық диалог, тәуекелдерді бақылау және озық тәжірибелерді енгізу арқылы адам құқықтарын қолдаудағы корпоративтік тәжірибені жақсартуға ниеттіміз ”

## КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ

Jusan Bank-тің күнделікті қызметіне этикалық принциптерді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу құралдарының бірі – Корпоративтік мәдениет кодексін, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саясатын және басқа да корпоративтік құжаттар бұзушылықтарды тиімді анықтауға мүмкіндік беретін инциденттерге ден қою және бұзушылықтар туралы хабарлау.

Банктің байланыс арналары бар, олар арқылы қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасын және корпоративтік принциптерді бұзу туралы хабарлауға құқылы.

Банк анонимді арнаны ұсынады, ол арқылы қызметкерлер ықтимал бұзушылықтар, соның ішінде заң талаптары мен ІНҚ, сыбайлас жемқорлық істері және мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жібере алады. Хабарламалар екі жолмен берілуі мүмкін: Банктің ішкі порталы (Бас комплаенс-бақылаушыға анонимді хабарлама) және [compliance@jusan.kz](mailto:compliance@jusan.kz) электрондық поштасына Банктің сыртқы веб-сайты арқылы.

Клиенттерге арналған соңғы цифрлық жаңалықтардың қатарында онлайн шот ашу, жеке кәсіпкерлер мен ЖШС үшін несие алу, Jusan Tole төлемдерді қабылдау және эквайринг жүйесін қосу, кастодиандық қызметтер, бағалы қағаздармен қазынашылық операциялары, эскроу шоттарын ашу бар. Jusan Travel өзінің брендтік қызметін сәтті іске қосты, мұнда клиенттер әуе және пойыз билеттерін қолжетімді бағамен және ниеттестік бағдарламасымен сатып ала алады, ол әуе және пойыз билеттерін сату саны бойынша осыған ұқсас ЕДБ-нің қызметтері арасында көшбасшылардың қатарында. Jusan Bank – жүйеге қосылған ЕДБ клиенттері-азаматтары арасында ұялы телефон нөмірі бойынша р2р аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қазақстандық жедел төлем жүйесінің алғашқы қатысушыларының бірі. 2023 жылдың қаңтарында Jusan Business платформасында жаңа сервис іске қосылды: енді жеке кәсіпкерлер бухгалтерлік есепті тікелей қосымшада жүргізе алады.

Jusan Bank өз қызметтерін геймификациялауға баса назар аударады. 2022 жылы банк қызметтерін күнделікті тапсырмалармен және бағалы сыйлықтар арқылы «Игі істерге миллион» акциясы сәтті өтті, бұл MAU-ны 12%-дан асыруға мүмкіндік берді.

Өнімдер мен қызметтердің сапасын және ассортиментін белсенді дамыту біздің мобильді қосымшаларымыз бен өнімдеріміздің пайдаланушы рейтингтерінің айтарлықтай өсуін қамтамасыз етті. Мысалы, Apple Store дүкенінде Jusan мобильді қосымшасының рейтингі максималды мүмкін болатын 5,0-ден 4,7-ге, ал Jusan Business - 4,9-ға жетті.

” 2022 жылы цифрлық шешімдерімізге деген сұранысты байқадық. Банктің негізгі цифрлық платформаларының, Jusan және Jusan Business мобильді қосымшаларының ай сайынғы белсенді пайдаланушыларының (MAU) саны бір жыл бұрынғы 0,9 миллионмен салыстырғанда 2022 жылдың 31 желтоқсанында 1,4 миллионға жақындады ”

## JUSAN МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Қызметтердің кең ауқымы бар қосымша. Бір қосымшада клиенттер Jusan экожүйесінің барлық өнімдеріне қол жеткізе алады.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша:

MAU

**1,26** млн

2022 жылы MAU-дың өсімі

**52%**



### JUSAN ДҮКЕН

- Тауарлар мен қызметтер үшін 0-0-24 бөліп төлеу
- Бөліп төлеуге алғаны үшін бонустар
- 24 айға дейін несиеге сатып алу
- Супермаркеттерден азық-түлікті тегін жеткізу
- Кез келген банктің картасымен төлеу
- 1 миллионнан астам тауарлар, қызметтер және азық-түлік



### JUSAN ИНВЕСТИЦИЯЛАР

- Брокерлік шотты ашу және оны толықтыру тегін
- Акцияларды сатып алу және сату
- Аналитика және инвестициялық идеялар



### JUSAN МУЛЬТИВАЛЮТАЛЫҚ КАРТА

- Жедел және тегін онлайн шығару
- 15%-ға дейін жоғарылатылған бонустар
- Таңдау үшін 10 бонус санаты



### JUSAN САҚТАНДЫРУ

- Кеңсеге бармай-ақ менеджердің қоңырауынсыз үш рет басу арқылы онлайн авто сақтандыру
- Сыйлық ретінде АҚЖМ КҚИ үшін 10% жеңілдік және 25% Jusan бонустары
- КАСКО автокөлікті сақтандыру
- Жазатайым жағдайлардан сақтандыру
- Туристтік сақтандыру



### JUSAN MOBILE

- Кез келген филиалда тегін simкарта алу
- Бірінші айда тегін қоңыраулар және мобильді интернет
- Екінші айдан бастап Jusan картасымен айына 50 мың теңге сатып алған жағдайда тегін байланыс
- Өздігінен конфигурацияланған ресурстар (қоңыраулар, SMS немесе Интернет)
- Жасырын жазылымдарсыз цифрлық оператор



### JUSAN JUNIOR

- Балаға арналған онлайн карта шығару
- Инвестициялауға арналған балалар қосымшасы



### БАСҚА ФУНКЦИЯЛАР

- Онлайн: тіркелу, шот ашу және карталар
- 5 жылға дейінгі мерзімге 6 млн теңгеге дейінгі онлайн несиені рәсімдеу
- Қызметтерді комиссиясыз төлеу (теледидар, интернет, коммуналдық қызметтер, ұялы байланыс, көлік және т.б.)
- Шоттар арасында, Jusan клиентіне немесе басқа банктердің карталарына жедел ақша аударымдары
- Карта лимитін басқару және бұғаттау
- Қосымшада картаның ПИН-кодын өзгерту
- Барлық карталардағы, шоттардағы және депозиттердегі қаражаттардың қалдықтары мен қозғалысын бақылау



## JUSAN BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Бизнеске арналған мобильді қосымша:

онлайн шоттар ашу, төлемдер, айырбастау, аударымдар, комиссияларды үнемдеу, салықтарды бір рет басып төлеу. Мобильді қосымша қаржы және салық операцияларын жылдам және ыңғайлы жүргізуге, операциялық шығындарды азайтуға және кеңсеге немесе қалаға байланбай бизнес жүргізуге мүмкіндік береді.


2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша:

MAU

**114** мың

2022 жылы MAU-дың өсімі


**136%**



- Онлайн шот ашу
- Төлемдер мен аударымдар
- Есептік жазбаны сканерлеу және контрагенттерге төлемдерді жіберу
- Салықтарды және әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ кедендік төлемдерді онлайн төлеу
- P2P аударымдары
- Өтініштер мен анықтамаларды құрастыру
- Бизнес үшін карталары (корпоративтік және жеке кәсіпкерлер үшін)
- Шетел валютасын айырбастау
- Операциялар бойынша Push хабарландырулар
- Кез келген транзакцияны мұрағаттау және жылдам іздеу
- Кәсіпорынның есеп жүйесіне үзінді көшірмелерін экспорттау
- Төлем үлгілерін жасау және сақтау
- Қызметкерлерге қолжетімділік деңгейін орнату мүмкіндігі
- Валюта бағамы, анықтамалық қаржылық ақпарат
- Роумингте қосымшаның қолжетімділігі



- QR кодын пайдалана отырып, тауарларды сату, тауарлар мен қызметтер үшін төлемді қабылдау
- Ең төменгі комиссия
- Шотқа қаражаттың бірден түсуі
- Клиенттер үшін бонустар, бөліп төлеу және несие



- Қажетті банк қызметтері пакетін құру, төлемдер мен аударымдар бойынша комиссияларды үнемдеу

## БӨЛШЕК БИЗНЕС КЛИЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

БӨЛШЕК БИЗНЕС  
КЛИЕНТТЕРГЕ АР-  
НАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ  
ШЕШІМДЕР АРАСЫН-  
ДА МЫНАЛАРДЫ  
АТАП ӨТУГЕ БОЛАДЫ:

- «Цифрлық карта» өнімі – Банк бөлімшесіне бармай-ақ, картаны ашуға және пластикалық карта бойынша қолжетімді операциялардың толық ауқымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді: NFC технологиясын арқылы төлем жасау, банкоматтардан код бойынша қолма-қол ақша алу, QR арқылы төлеу, төлемдер және карта нөмірі, телефон нөмірі, шот нөмірі бойынша аударымдар.
- Онлайн несиелер – Jusan қосымшасы және Kcell/Activ мобильді қосымшасы арқылы 60 айға дейінгі мерзімге 6 миллион теңгеге дейінгі сомада несие алу, бір минутта онлайн мақұлдау. Клиентке несиеге өтініш беру және несие алу үшін Банкке келудің қажеті жоқ.
- Картаны картомат арқылы алу, сондай-ақ мини-эмбоссердің көмегімен бөлімшеде картаны лезде басып шығару.
- Apple pay / Samsung pay / Google pay контактісіз төлемдері.
- Мобильді қосымшада төлем картасын шығару кезінде клиентті биометриялық сәйкестендіру.
- СМС код арқылы банкоматтан қолма-қол ақша алу.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Біз Jusan Business мобильді қосымшасы негізінде ыңғайлы және қолжетімді шешімдерді ұсына отырып, өзімізді шағын және орта бизнеске арналған банк ретінде позициялаймыз. Біз Қазақстан Республикасындағы ШОБ субъектілері үшін қолайлы қаржы платформасы болуға ұмтыламыз. Сапалы несие және цифрлық құралдар арқылы ШОБ-ты қолдау арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу – Банктің тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттарының бірі.

Шағын және орта бизнестегі, микробизнесті қоса алғанда, клиенттеріміз – 190 000-нан астам компания мен кәсіпкерлер.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің шағын және орта бизнесті несиелендіруі бір жыл бұрынғы 463,3 млрд теңгемен салыстырғанда 530,8 млрд теңгеге жетті. Қаржыландыру жаңа бизнесті ашуға және жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге бағытталған. Бұл Қазақстан Республикасында 175 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Біз микробизнесті қолдауға үлкен көңіл бөлеміз. Есепті кезеңде микробизнес сегментін қаржыландыру көлемі 72,4 млрд теңгеге жетті.

Jusan Bank-тің осы салаға жауапты негізгі құрылымдық бөлімшелері несиелеу бойынша Шағын және орта бизнес департаменті, Транзакциялық бизнес бойынша дамыту және сатуды қолдау департаменті болып саналады.

### ШОБ-қа арналған Jusan Bank өнімдері

мен қызметтері мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

Стандартты, жеңілдетілген және кепілсіз несиелеу бағдарламалары.

- Әртүрлі мерзімге және мақсаттарға арналған депозиттер.
- Бизнес карталары, цифрлық карталарды қоса алғанда.
- Банк кепілдіктері.
- Есеп айырысу және кассалық қызмет көрсету.
- Төлемдер, аударымдар және эквайринг.
- Қашықтағы банкинг және онлайн қызметтер (онлайн есеп, онлайн кеңес беру және т.б.).

Банк Jusan Business интернет-банкинг жүйесіне негізделген қаржы өнімдері мен қызметтерінің ауқымын кеңейтуді жалғастыруда, бұл ШОБ субъектілеріне бір қосымшада әртүрлі қаржы және салық операцияларын жылдам және ыңғайлы жүргізуге мүмкіндік береді. Jusan Business цифрлық платформасы онлайн-бухгалтерлік есеп жүргізуге, салық есептері мен төлемдерін жасауға, сауда нүктелерін бақылауға және қаржы есептерін жүргізуге, онлайн несиелер алуға және мүлік пен транзакцияларды сақтандыруға, бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында жеңілдетілген қаржыландыруға қатысуға мүмкіндік

” Банк Jusan Business интернет-банкинг жүйесіне негізделген қаржы өнімдері мен қызметтерінің ауқымын кеңейтуді жалғастыруда, бұл ШОБ субъектілеріне бір қосымшада әртүрлі қаржы және салық операцияларын жылдам және ыңғайлы жүргізуге мүмкіндік береді ”

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

береді. Кәсіпкерлер біздің Jusan Дүкен нарығының негізінде өздерінің онлайн бизнесін тиімді дамыта алады. Tap2Phone технологиясы – смартфон арқылы төлемді карта арқылы алу мүмкіндігі енгізілді. Өз кезегінде Jusan Tole QR көмегімен төлемдерді қабылдауға және тауарларды сатуға, соның ішінде ШОБ клиенттері үшін 12 айға бөліп төлеу немесе 24 айға несие сияқты мүмкіндіктер сыйлайды. Айта кетсек, біздің бизнеске арналған POS және mPOS терминалдар портфолиосы 100 мыңға жуық құрылғыға жетеді.

Банк ШОБ үшін цифрлық өнімді – 100 млн теңгеге дейін және 3 жылға дейін кепілсіз онлайн несиені сәтті енгізді. Несие қаржылық жағдайды талдаусыз және Jusan Business қосымшасында онлайн режимінде беріледі. Сонымен қатар 2022 жылы айналым қаражатын толықтыру үшін 5 млн теңгеге дейін «Даму» онлайн несиесі (1-бағыт) іске қосылды. Сондай-ақ банк кәсіпкерлерге айналымның 50% дейін қолма-қол ақша тапшылығын жою үшін кепілсіз жаңартылатын несие желісін ұсынады.

### 2022 жылы Банк бизнесті қолдаудың келесі мемлекеттік бағдарламаларына қатысты:

1. Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы (құралдар: субсидиялар мен кепілдіктер):

- «Кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін қолдау» бағыты: 12,2 млрд теңгеге 820 жоба.
- «Кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъек-

тілерін қолдау» бағыты: 72,2 млрд теңгеге 1 384 жоба субсидияланды, 29,3 млрд теңгеге 1 208 жобаға кепілдік берілді.

2. Қарапайым заттар экономикасы (басым жобаларды несиелеу және қаржылық лизингке беру тетігі) (құралдар: субсидиялау және кепілдік беру): 16,4 млрд теңгеге 28 жоба.

3. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы (субсидиялау): 0,5 млрд теңге сомасына 1 жоба.

4. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы үшін мал, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы (субсидиялау): 1,4 млрд теңге сомасына 9 жоба.

5. «Даму Оптима» кепілдік бағдарламасы: 4,7 млрд теңгеге 18 жоба.

6. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ несиелерін сақтандыру: 0,2 млрд теңге сомасына 1 жоба.

7. «Кең-Дала» бағдарламасы (Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру): 3,1 млрд теңге сомасына 10 жоба.

Индустриалды-инновациялық қызмет саласындағы ШОБ субъектілеріне 3 млрд теңгеге дейінгі несие сомасын субсидиялауды көздейтін Кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасын ерекше атап өткіміз келеді. Мемлекет тарапынан субсидиялау несие мөлшерлемесін 8%-ға дейін, ал моноқалалар мен шағын қалалар үшін 7%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

## ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Jusan Bank сатып алу қызметінің үнемділігін қамтамасыз ету және онымен байланысты қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді азайту мақсатында жеткізу тізбегін жауапты басқаруды ұстанады. Банк сатып алу қызметін Банктің сатып алу процесін реттейтін ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Банк бизнес жүргізудің жоғары стандарттары ортақ жеткізушілермен серіктестік орнатады.

Біз ашықтық, тең мүмкіндіктер, үнемділік принциптерін басшылыққа аламыз және осы құндылықтарды бөлісетін сенімді және жауапты жеткізушілерді тартуға тырысамыз. Жаңа жеткізушілер міндетті түрде сенімділігі, АЖ/ТҚҚ сәйкестігі және т.б.

жөнінде тексеруден өтеді. Jusan Bank-тің жеткізу тізбегі қызметтің әртүрлі салаларын қамтиды, атап айтсақ, әкімшілік қолдау, IT, маркетинг, PR және т.б.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Jusan Bank жеткізушілерінің саны 4 мыңнан, олардың арасында ШОБ үлесі 85%-дан асты.

Банк қазақстандық тауарлар мен қызметтерді өндірушілерге қолдау көрсетеді. Жеткізушілердің жалпы санындағы жергілікті жеткізушілердің үлесі 90%-дан астам, сатып алу бюджетінің жалпы көлемінде – 85%-дан астам. Банк Қазақстан Республикасының ау-

мағында салық салу объектісі болып саналатын заңды және жеке тұлғаларды жергілікті жеткізушілерге жатқызады.

Банкте белгілі бір жеткізушілердің қызметі мәжбүрлі еңбек пен балалар еңбегінің елеулі тәуекелімен байланысты екені туралы ақпарат жоқ.

Жеткізушілермен өзара әрекеттесу процесі және сатып алу рәсімдері Банк Басқармасының хаттамасымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесімен реттеледі. Сатып алу мәселесі бойынша Сатып алу бөлімі, оның бастамашысы және шығындар орталықтары жеткізушілермен өзара әрекеттесу үшін жауап береді.

2023 жылы Jusan Bank этикалық, әлеуметтік және экологиялық мінез-құлық құндылықтары мен принциптерін тұжырымдайтын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жауапты жеткізушінің саясатын бекітті, оның орындалуы жеткізушілерден күтіледі. Біз жеткізушілердің тұрақтылық саласындағы бизнесті барынша ашуға бағытталған жұмыстарын құптаймыз.

Банк жеткізушілер үшін қызметкерлердің адам және еңбек құқықтарын барынша құрметтеу, кемсітушілікке жол бермеу, қауіпсіз және жайлы жұмыс ортасын құру, сыбайлас жемқорлыққа және мүдделер қақтығысын жасыруға қарсы тұру маңызды деп санайды.

” 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Jusan Bank жеткізушілерінің саны 4 мыңнан, олардың арасында ШОБ үлесі 85%-дан асты ”



MENU



ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

78

# 5 ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕРІ

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Jusan Bank – Қазақстан Республикасындағы ірі жұмыс беруші. Біз бизнес табысының негізгі факторларының бірі ретінде біздің команданың үздіксіз дамуының маңызын түсінеміз. Біз ортақ ұзақ мерзімді мақсаттар мен этикалық принциптермен біріктірілген ынталы, білікті және дарынды пікірлестердің қауымдастығы ретінде жұмыс күшін құруға ұмтыламыз.

2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Банк қызметкерлерінің саны 5%-ға өсіп, 6,12 мың адамға жетті (бұл ретте 2022 жылы қызметкерлердің орташа саны 5,85 мың адамға тең). Өсім, ең алдымен, бизнестің ауқымын кеңейтумен және «АТФБанк» АҚ («Jusan Bank» АҚ ЕБ) Jusan Bank-пен аяқталған бірігуімен байланысты. Барлық қызметкерлер өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады. Біздің ұжым айтарлықтай жас, қызметкерлердің орташа жасы – 34. Бұл ретте 30 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі жалпы штат санының үштен бірінен астамына жетеді.

Өткен есепті кезеңдегідей, 2022 жылы да қызметкерлердің басым көпшілігі толық уақыт режимінде жұмыс істеді. Дегенмен толық жұмыс уақытында жұмыс істеуге кедергі келтіретін жағдайлар туындаған жағдайда қызметкер икемді жұмыс уақытына немесе толық емес жұмыс күніне уақытша көшуге келісе алады. Кадрлар-

дың жалпы тұрақсыздығы 39% болды, ал GRI 2-7 GRI 3-3 GRI 401-1 GRI 401-3 GRI 405-1 мәжбүрлі – 2%. Жалпы кадрлардың тұрақтамауының жоғары деңгейі негізінен техникалық себептерге байланысты болды – бұрын сатып алынған «АТФБанк» АҚ («Jusan Bank» АҚ ЕБ) қосылуының аяқталуына байланысты Jusan Bank-тің қайта ұйымдастырылуы.

Жаңа қызметкерлерді тарту үшін әртүрлі байланыс арналары, соның ішінде мақсатты жарнама, рекрутингтік сайттар және әлеуметтік желілер қолданылды. Jusan Bank, мысалы, IT School Jusan жобасы аясында өз білікті кадрларын дербес құрады. Біз, басқалармен қатар, тәлімгерлік жүйесін пайдалана отырып, жұмысқа қабылдау процестерін және индукциялық оқыту бағдарламаларын жақсарту арқылы сынақ мерзімін азайтуға тырысамыз.

Банктің кадр саясатының маңызды басымдығы – ұлты, жынысы, әлеуметтік мәртебесі және басқалары сияқты жеке ерекшеліктеріне қарамастан қызметкерлерге тең мүмкіндіктер беру. Біз бұл тәсілді қызметкердің Банкпен қарым-қатынасының барлық кезеңдерінде қолдануға тырысамыз. Барлық кадрлық процедуралар тек қана қызметкердің құзыреттілігінің даму деңгейіне және оның еңбек тиімділігіне негізделеді, кәсіби маңызды емес себептерге байланысты артықшылықтарға жол бермейді.

” Банктің кадр саясатының маңызды басымдығы – ұлты, жынысы, әлеуметтік мәртебесі және басқалары сияқты жеке ерекшеліктеріне қарамастан қызметкерлерге тең мүмкіндіктер беру ”

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Айта кетсек, Jusan Bank-тің барлық қызметкерлері арасында әйелдердің үлесі 68%-ға жетеді, бұл 2021 жылғы көрсеткішпен (69%) теңеседі. Кіші, орта және жоғары басшылық лауазымдарды қоса алғанда, барлық басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі 60%-ға жетеді.

Банктің барлық қызметкерлері бала күтіміне байланысты демалыс алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалысқа құқығы бар: баланың анасы немесе әкесі; бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ата-ана; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған қамқоршы немесе туысқан; жаңа туған баланы асырап алған қызметкер. Көрсетілген бала күтімі демалысы кезеңінде қызметкердің жұмыс орны сақталады. Сонымен қатар жүкті әйелдерге, сондай-ақ босанған әйелдерге бала күтімі бойынша демалыс беріледі. Жүктілік және босану бойынша стандартты демалыс босанғанға дейін 70 күнтізбелік күнге және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күнге беріледі. Банк жұмыс беруші ретінде орташа жалақыны сақтай отырып, жүктілік және босану бойынша демалысты төлем жасайды.

Қызметкерлердің қатысу деңгейі – персоналды басқару саласындағы маңызды көрсеткіш. 2022 жылдан бастап Банк жыл

сайын келісімді өлшеуді жүргізеді. Есепті кезеңде Jusan Bank қызметкерлерінің 74% өлшеуге (гендерлік бөлініс: ерлер – 35%, әйелдер – 65%; жас бойынша: 30 жасқа дейінгілер – 30%, 30-дан 50 жасқа дейін – 62%, 50 жас және одан жоғары – 8%) қатысты. 2022 жылы жұмысқа тартылудың жалпы деңгейі 65%-ға жетсе, қызметкерлердің 77%-ы жалпы алғанда олар үшін тиімді жұмыс істеуге жағдай жасалған деген пікірде. Өлшеу барысында анықталған көрсеткіштер қызметкерлердің бақыт деңгейін, олардың өнімділігін арттыру және корпоративтік мәдениетті дамыту мақсатында трансформация жобаларына қосу үшін негіз болады.

Адами капиталды дамыту департаменті – персоналды басқару жүйесін ұйымдастыруға және еңбек қатынастары мен кадр саясаты саласындағы басқару органдарының шешімдерін іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімше. Банкте персоналды басқару функциясын дамытудың негізгі тәсілдерін, принциптерін, талаптары мен бағыттарын анықтайтын және барлық қызметкерлер үшін міндетті болып саналатын Адам ресурстары саясаты бар.

Есепті кезеңде Банкте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мәжбүрлі еңбекті немесе балалар еңбегін пайдалану жағдайлары тіркелген жоқ. Jusan Bank мәжбүрлі немесе балалар еңбегін пайдалану қаупі жоғары елдерде жұмыс істемейді.

” Айта кетсек, **Jusan Bank-тің барлық қызметкерлері арасында әйелдердің үлесі 68%-ға жетеді, бұл 2021 жылғы көрсеткішпен (69%) теңеседі.** Кіші, орта және жоғары басшылық лауазымдарды қоса алғанда, барлық басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі 60%-ға жетеді ”



## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

### Қызметкерлердің саны

	2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА	2022 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА
<b>Қызметкерлердің тізімдік саны</b>	<b>5 827</b>	<b>6120</b>
Толық жұмыс шартындағы қызметкерлер	5 813	6116
Толық емес жұмыс күні шартындағы қызметкерлер	14	4
Мерзімді еңбек шарты	3 591	5152
Мерзімсіз еңбек шарты	2 236	968
<b>Жынысы бойынша қызметкерлер саны</b>		
Ерлер	1 788	1983
Әйелдер	4 039	4137
<b>Жасы бойынша қызметкерлер саны</b>		
30 жасқа дейінгі қызметкерлер	2 153	2253 (37%)
30-50 жас аралығындағы қызметкерлер	3 327	3482 (57%)
50 жастан асқан қызметкерлер (6%)	347	385 (6%)
<b>Лауазымы бойынша қызметкерлер саны</b>		
Директорлар кеңесі, Басқарма	12	10
Басқа лауазымдар	5 815	6110
Жұмысшылардың жалпы санындағы мүгедектігі бар қызметкерлердің үлесі*	-	0,6%

\*2021 жылы мүгедектігі бар қызметкерлердің үлесі

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

### Орналасу аймағы бойынша қызметкерлер

2022 жылдың 31 желтоқсанында

Аймақ	Қызметкерлер саны	Жынысы	
		Әйелдер	Ерлер
Бас кеңсе (Алматы қ.)	2854	1567	1287
Алматы филиалы	516	381	135
Астана филиалы	484	383	101
Оңтүстік Қазақстан филиалы	212	161	51
Ақмола филиалы	195	157	38
Қарағанды филиалы	183	146	37
Павлодар филиалы	168	135	33
Шығыс Қазақстан филиалы	157	139	18
Ақтөбе филиалы	145	120	25
Атырау филиалы	139	127	12
Маңғыстау филиалы	135	126	9
Қостанай филиалы	132	111	21
Жамбыл филиалы	129	82	47
Семей филиалы	125	99	26
Батыс Қазақстан филиалы	119	105	14
Қызылорда филиалы	108	81	27
Солтүстік Қазақстан филиалы	107	78	29
Түркістан филиалы	97	49	48
Алматы облыстық филиалы	81	62	19
Жетісу филиалы	34	28	6

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

### Әйелдер өкілдігі

2022 жылдың 31 желтоқсанында

<b>Жұмысшылардың жалпы санындағы әйелдер үлесі</b>	<b>68%</b>
кіші, орта және жоғары басшы лауазымдарды қоса алғанда, барлық басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі, басшылық лауазымдардың жалпы санынан %-бен	60%
кіші басшы лауазымдардағы әйелдер үлесі, кіші басшы лауазымдардың жалпы санынан %-бен	65%
жоғары басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі, яғни Басқарма Төрағасынан ең көбі екі деңгейден төмен, жоғары басшы лауазымдардың жалпы санынан %-бен	21%
Банктің кіріс әкелетін бизнес салаларындағы басқарушы лауазымдардағы әйелдердің үлесі, Банктің кіріс әкелетін бизнес салаларындағы барлық басқарушы лауазымдардан %-бен	66%

### Есепті кезеңдегі кадрлардың тұрақсыздығы

2022 жылдың 31 желтоқсанында

<b>Жалпы кадр тұрақсыздығы</b>	<b>39%</b>
Кадрлардың ерікті тұрақсыздығы	37%
Кадрлардың мәжбүрлі тұрақсыздығы	2%
<b>Жас бойынша кадрлардың тұрақсыздығы</b>	
30 жасқа дейінгі қызметкерлер	52%
30-50 жас аралығындағы қызметкерлер	33%
50-ден асқан қызметкерлер	30%
<b>Жынысы бойынша кадрлардың ауысуы</b>	
Ерлер	48%
Әйелдер	35%

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлердің жалпы саны \*

2022 жылдың 31 желтоқсанында

Жаңа қызметкерлердің жалпы саны	2545
<b>Жасы бойынша жаңа қызметкерлер саны</b>	
30 жасқа дейінгі жұмысшылар	1343
30-50 жас аралығындағы қызметкерлер	1120
50 жастан асқан қызметкерлер	82
<b>Жынысы бойынша жаңа қызметкерлер саны</b>	
Ерлер	1087
Әйелдер	1458

\* Есепті кезінде таза техникалық себептер де ескерілді - Банктің қайта құрылуы, кейбір қызметкерлердің жаңа еңбек шарттарын жасасуы.

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлердің жалпы саны, аймақтар бойынша \*

2022 жылдың 31 желтоқсанында

Аймақ	Жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлер саны
Бас кеңсе (Алматы қаласы)	1300
Алматы филиалы	260
Астана филиалы	193
Оңтүстік Қазақстан филиалы	103
Қарағанды филиалы	63
Павлодар филиалы	56
Алматы облыстық филиалы	53

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлердің жалпы саны, аймақтар бойынша \* (жалғасы)

2022 жылдың 31 желтоқсанында

Аймақ	Жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлер саны
Солтүстік Қазақстан филиалы	51
Жамбыл филиалы	50
Ақтөбе филиалы	47
Атырау филиалы	47
Маңғыстау филиалы	44
Қостанай филиалы	43
Ақмола филиалы	41
Шығыс Қазақстан филиалы	41
Түркістан филиалы	37
Батыс Қазақстан филиалы	34
Қызылорда филиалы	31
Семей филиалы	28
Степногорск филиалы	14
Жетісу филиалы	8
Теміртау филиалы	1

\* сонымен қатар кестеде 2022 жылы таратылған 2 филиал көрсетілген

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

### Қызметкерлердің ұлты бойынша бөлу

2022 жылдың 31 желтоқсанында

	қызметкерлердің жалпы санынан %-бен	кіші, орта және жоғары басшылық лауазымдарды қоса алғанда, барлық басшы лауазымдардың жалпы санынан %-бен
Қазақтар	85,3%	81%
Орыстар	9,1%	12%
Ұйғырлар	1,1%	1%
Басқа ұлт өкілдері	4,5%	6%

### Бала күтіміне арналған демалыс

2022 жылдың 31 желтоқсанында

Бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан қызметкерлер саны, барлығы	732
Ерлер	1
Әйелдер	731
Есепті жылы бала күтімі демалысы аяқталғаннан кейін есепті кезеңде жұмысқа оралған қызметкерлер саны, барлығы	135
Ерлер	2
Әйелдер	133
Бала күтімі демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралған, жұмысқа оралғаннан кейін 12 айдан кейін жұмысын жалғастырған қызметкерлер саны, барлығы	126
Ерлер	2
Әйелдер	124

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2022 жылы Jusan Bank қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындар, әлеуметтік аударымдар мен жалақы салығын қосқанда 40,06 млрд теңгеге жетті.

Банктегі еңбекақы төлеу жүйесі еңбек ұжымының барлық санаттарына қатысты ашық және бірыңғай. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу саласындағы жалпы ережелер мен бағыттар Еңбекақы төлеу саясатымен айқындалады. Жоғары лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеу жүйесі осы Есептің Корпоративтік басқаруға шолу бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталған.

Сыйақы жүйесін басқару процесінің қатысушылары: Директорлар кеңесі, құзыретіне кадр, еңбекақы және сыйақы төлеу мәселелерін қарау кіретін Директорлар кеңесінің комитеті; Басқару органы; кадрлармен жұмыс бөлімі; Бас кеңсенің бюджеттік жоспарлауға жауапты қаржы бөлімшесі, олардың қызметін реттейтін жекелеген ережелер және/немесе басқа да ІНҚ-де көрсетілген Банктің өзге де бөлімшелері.

Банк қызметкерлерді қаржылық қамтамасыз етудің бәсекеге қабілетті деңгейін және Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің еңбекақы нарығына сәйкестігін қолдау үшін қызметкерлердің еңбекақысына жеке сараптама жүргізеді. Сыйақының сыртқы бәсекеге қабілеттілігі жыл сайынғы еңбек нарығының анықтамалық еңбекақы төлеудің жалпы көлемі бойынша зерттеуге және салыстырмалы ұйымдар тобымен салыстыруға негізделген. Қазақстан Республикасының банк секторы анықтамалық нарық ретінде анықталды. 2022 жылдың соңында орташа жалақының өсімі 20%-ға жетті.

Jusan Bank Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, Еңбекақы төлеу саясатына және Банктің басқа да ІНҚ-ге сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеудің мерзімді сыйақы жүйесін қарастырады. Еңбекақы төлеу жүйесі Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары үшін бірыңғайланған.

Еңбекке ақы төлеу саясатының негізгі принциптерінің бірі – еңбек өнімділігі үшін төлемнің дәлелдігін сақтау.

Бұл принцип еңбекке ақы төлеу қызметкердің жеке қызметінің нәтижесіне, бөлімше қызметінің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізуіне, Банктің бизнес мақсаттарына жетуіне және тұрақты емес сыйақы мөлшерінің арақатынасына сәйкестігін болжайды. белгілі бір тәуекелдерді жүзеге асырудан туындайтын теріс қаржылық салдарларды қоса алғанда, қызмет нәтижелерімен қызметкерлер.

Бұл принцип еңбекке ақы төлеу қызметкердің жеке өнімділігіне, бөлімше қызметінің жоспарланған көрсеткіштеріне, Банктің бизнес мақсаттарына қол жеткізу және қызметкерлердің тұрақты емес сыйақы мөлшерінің олардың қызметінің нәтижелерімен байланысына, оның ішінде белгілі бір тәуекелдерді жүзеге асырудан туындайтын теріс қаржылық салдарларына сәйкес келеді.

Әділ еңбекақыны қамтамасыз ету үшін Банк қызметкерлеріне тарифтік шкала – орындалатын жұмыстың күрделілігі мен қызметкерлердің біліктілігі мен жүктелген міндеттеріне қарай саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттер жиынтығы қолданылады. Тарифтік шкала сыйақының тұрақты бөлігін белгілеуге арналған нұсқаулық ретінде қарастырылады.

### Банк пайдаланатын сыйақы құрылымы келесі негізгі құрамдастарды қамтиды:

1) негізгі тұрақты жалақы қалыпты еңбек жағдайларындағы оның күрделілігі мен жауапкершілігіне және тиісті еңбек шығындарына сәйкес сыйақының мөлшерін айқындайды, қызметкер мен Банк арасында жасалған еңбек шартында айқындалған және еңбек тәртібінің нормаларын сақтауға тікелей байланысты лауазымдық жалақы мен негізгі тұрақты жалақының 20 пайызы мөлшерінде белгіленетін ауыспалы бөліктен тұрады;

” Еңбекке ақы төлеу саясатының негізгі принциптерінің бірі – еңбек өнімділігі үшін төлемнің дәлелдігін сақтау ”

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2) өтемақы төлемдері (қосымша ақылар) - еңбек жағдайларында ауытқулар болған жағдайда қосымша еңбек шығындарының өтемақысы ретінде белгіленеді, дербестендірілген сипатқа ие, яғни нақты қызметкер үшін белгіленеді;

3) әлеуметтік төлемдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың, Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарынан зардап шеккен адамдар үшін белгіленеді;

4) ынталандыру төлемдері – жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыруға материалдық қызығушылықты күшейту, ұжымдық және корпоративтік мақсаттарға қол жеткізу үшін жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ Банктің корпоративтік құндылықтарға негізделген және корпоративтік мәдениетке сәйкес келетін мінез-құлық пен еңбек стандарттарын қалыптастыру мақсатында белгіленеді.

**Ынталандыру төлемдері келесідей белгіленеді:**

■ Мерейтойлар, мерекелер бойынша, Банк қызметін жақсартуға байланысты біржолғы, ерекше маңызды және жауапты міндеттерді орындағаны үшін біржолғы сыйақылар (біржолғы төлемдер);

■ алға қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындағаны үшін, сондай-ақ қызметкерлердің жұмыстың түпкілікті нәтижелеріне жеке үлесі үшін Банк қол жеткізген нәтижелерге байланысты ай сайынғы, тоқсандық және жылдық ынталандыру төлемдері (бонустар), бұл ретте мерзімді ынталандыру төлемдері Банкте бекітілген ынталандыру бағдарламаларына сәйкес төленеді;

■ Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде бұрын қызметкерге ынталандыру сыйақы ретінде берілген барлық акцияларды ескере отырып, Банк акцияларын қызметкерге беру арқылы жүзеге асырылатын және осындай төлемдер туралы шешім қабылданған күні

Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 5%-дан аспайтын акция төлемі Бұл ретте Jusan Bank басқа да төлемдерді, оның ішінде түнгі уақыттағы жұмыс, мереке және демалыс күндері үшін төлемдерді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және еңбек шартында көзделген басқа да төлемдерді жүзеге асырады.

Банк қызметкердің өз міндеттерін дұрыс орындауына кедергі келтірмесе, икемді жұмыс уақытына және қашықтан жұмыс істеу тәжірибесіне рұқсат береді. Қызметкерлер толық емес жұмыс күні шартында қызмет етуге қабылдана алады.

2022 жылдың 2-тоқсанынан бастап Бас кеңсе қызметкерлеріне қызметтік бағалау нәтижелері бойынша сыйақы төлеу бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама Банк пен нақты бөлімшенің ұжымдық нәтижеге қол жеткізуіне, сондай-ақ KPI карталарында көрсетілген қызметкердің жеке тиімділігіне бағытталған. KPI карталарын толтыру арқылы қорытындылау тоқсан сайын жүргізіледі. Бонусты есептеу кезінде KPI картасының түпкілікті мәні, лауазым деңгейіне байланысты бонустың негізгі мөлшері, жұмыс істеген сағаттардың пайызы, тәртіптік жазалардың болуы ескеріледі.

**Банктің филиалдық желісінің қызметкерлері үшін келесі бағыттар бойынша көрсеткіштер тізбесі, оларды бағалау/нәтижелі критерийлері, бонустарды есептеу кезеңділігі мен әдістемесі қамтылған ынталандыру бағдарламалары бекітілген:**

■ бөлшек бизнес – бөлшек сауда нәтижелері және филиалдардағы қызмет көрсету сапасы бойынша Jusan Bank бөлшек сауда желісінің қызметкерлерін ынталандыру бағдарламасы;



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

■ шағын және орта бизнес (несиелендіру) – шағын және орта бизнесті несиелеу бойынша филиалдар желісі бөлімдерінің қызметкерлерін және Jusan Bank филиалдар желісінің несиелеу бойынша директорларын ынталандыру бағдарламасы;

■ шағын және орта бизнес (операциялық қызмет көрсету және сату) – аймақтық директорларға, сату директорларына, сату департаменттерінің қызметкерлеріне, заңды тұлғаларға қызмет көрсету басқармасының/бөлімшелерінің қызметкерлеріне, Jusan Bank филиалдарының заңды тұлғаларды операциялық қамтамасыз ету бөлімшелерінің қызметкерлеріне арналған ынталандыру бағдарламасы.

Қажет болған жағдайда сату жоспарларын орындау, Банк қызметкерлерінің тиімділігін көбейту, жұмыс нәтижелеріне қызығушылық пен жауапкершілікті арттыру мақсатында банк секторында болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, ынталандыру бағдарламалары қайта қаралады. Әдетте, көрсеткіштер (көрсеткіштердің тізбесі мен саны, олардың салмақтық мәндерін басымдық бойынша бөлу, оның ішінде сату және қызмет көрсету көрсеткіштері арасында), бағдарламаға қатысушылар, орындалатын функциялар мен қызметкерлердің міндеттеріне байланысты сыйлықақыны есептеу тәсілдері қайта қаралады.

Jusan Bank қызметкерлерге, оның ішінде бала күтіміндегі, еңбекке уақытша жарамсыз және басқа санаттағы адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық қолдаудың барлық түрлерін, міндетті жеңілдіктер мен кепілдіктерді ұсынады. Қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан жыл сайынғы міндетті сақтандыру кәсіптік тәуекел сыныбын ескере отырып жүзеге асырылады.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мыналарды іске асырады:

- қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік төлемдерді төлеу;
- 24 күнтізбелік күндік жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысын беру;
- радиациялық және экологиялық қауіпті аймақтарда тұратын қызметкерлерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге ақы төленетін қосымша еңбек демалысын беру.

Jusan Bank қызметкердің немесе қызметкердің жақын туысының қайтыс болуы сияқты қиын өмірлік жағдайларға тап болған қызметкерге материалдық көмек түрінде әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Банк ерекше жағдайларда жылжымайтын мүлікті өрт немесе су басу салдарынан қызметкердің тұрмыстық жағдайының нашарлауына әкеп соққан төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ қызметкердің онкологиялық ауруларға, қант диабетіне, туберкулезге, радиациялық жарақаттар бойынша медициналық көмек және медициналық препараттар алуға кеткен шығындарын өтеу үшін материалдық көмек көрсетуді қарастырады.

Банк қызметкерлерге жеңілдетілген корпоративтік бағалар бойынша фитнес-орталықтардың қызметтерін пайдалану мүмкіндігін береді.

2022 жылы Jusan Bank-тегі орташа жалақы Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысын есептегенде айына 384 мың теңгеге жетті, оның ішінде ерлер үшін 497 мың теңге, әйелдер үшін 319 мың

” Jusan Bank қызметкерлерге, оның ішінде бала күтіміндегі, еңбекке уақытша жарамсыз және басқа санаттағы адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық қолдаудың барлық түрлерін, міндетті жеңілдіктер мен кепілдіктерді ұсынады ”

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

теңге. Есепті кезеңде қолданыстағы жұмыс уақытының нормаларын ескере отырып, сағаттық есептегенде орташа жалақы 2341 теңге деңгейінде болды.

Гендерлік жалақы алшақтығы 35%-ға жетті. Бұл, ең алдымен, Банктегі әйелдердің ер адамдармен салыстырғанда, оның ішінде төменгі сыйақымен сипатталатын әртүрлі басшылық емес немесе желілік лауазымдардағы өкілдіктің айтарлықтай жоғары болуына байланысты. Біз бұл алшақтықты азайтуға күш салуға дайынбыз. Сонымен қатар міндеттері бірдей әйелдер де, ер адамдар да бірдей сыйақы алады.

Қайта ұйымдастыруға байланысты еңбек жағдайлары өзгерген немесе экономикалық, технологиялық жағдайлар, еңбекті ұйымдастыру жағдайлары өзгерген, жұмыс көлемін қысқартқан жағдайда Банк Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын басшылыққа алады.

Атап айтқанда, Банк жұмыс беруші ретінде, егер еңбек, ұжымдық шарттарда ескертудің ұзағырақ мерзімі көзделмесе, жоғарыда көрсетілген себептер бойынша еңбек жағдайларының өзгеруі туралы қызметкерді күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті. Банк еңбек шартын бұзған кезде, егер еңбек шартында ескерту мерзімінің ұзағырақ мерзімі қарастырылмаса, қызметкерді кемінде 1 ай бұрын хабардар етеді.

**Jusan Bank қызметкерлердің құзыреттілігін және олардың тиімділігін бағалау үшін әртүрлі құралдарды пайдаланады. Атап айтқанда, негізгі көрсеткіштердің орында-**

**луы қадағаланады. Банк Peoples Analytics құралдарын пайдаланады, мысалы:**

- Shltools көмегімен біліктілікті бағалау, бұл кәсіби тұлға сауалнамасы мен қабілет тесттері бар кандидаттар мен қызметкерлерді бағалау жүйесі. 2022 жылы Банктің басшы қызметкерлерінің құзыреттерін дамыту мақсатында SHL бағалау жүргізілді, ол қызметкерлердің орташа жылдық нақты санының 2%-ына жетті;
- 360-дәрежелі бағалау – қызметкердің іскерлік ортасымен сұхбаттасу арқылы қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкестік дәрежесін анықтаудан тұратын персоналды тұрақты бағалау әдісі. 2022 жылы Бас кеңсенің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына бағалау жүргізілді, бұл қызметкерлердің орташа жылдық нақты санының 1,6%-ына жетті.

Бас банктің қызметкерлері үшін жарамды тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша сыйақы төлеу бағдарламасы аясында қызметкерлердің жұмысы тоқсан сайынғы негізде бағаланады.

Бұл бағалау бес деңгейлі әріптік шкала бойынша жасалады және корпоративтік құндылықтар мен құзыреттерді бағалау арқылы өлшенеді. Әрбір бағалау тиімділікті бағалау нәтижесінің ұлғаюына немесе төмендеуіне және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің картасындағы жалпы нәтижеге әсер ететін өсу немесе кему факторына сәйкес келеді.

2022 жылғы 4-тоқсандағы жағдай бойынша жұмыскерлердің 41,5%-ы тоқсандық нәтижелерді бағалауды аяқтады, оның ішінде жынысы бойынша: әйелдер – 20%, ерлер – 21,5%; санаттар бойынша бөлгенде: басқарушы персонал – 5%, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері – 36,5%.

” Бас банктің қызметкерлері үшін жарамды тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша сыйақы төлеу бағдарламасы аясында қызметкерлердің жұмысы тоқсан сайынғы негізде бағаланады ”

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Jusan Bank қызметкерлерді оқыту мен дамытуды бизнесті дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге тиімді ықпал ететін маңызды ұзақ мерзімді басымдық ретінде қарастырады.

Банктің есепті кезеңде қызметкерлерді оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға жұмсаған шығындары 64,3 млн теңгеге жетті. 2022 жылға Банк қызметкерлерінің орташа санын есепке алғанда бір қызметкерді оқытуға және дамытуға жұмсалған теңгедегі орташа сома 11 мың теңгеге жетті.

Біз жыл сайын мамандандырылған бағыттар бойынша сараптаманы дамытуға, біліктілік пен басқарушылық дағдыларды арттыруға және сәйкес салаларда білім алуға бағытталған білім беру бағдарламаларын жетілдіреміз.

Банктегі 2022 жылы сыртқы және ішкі оқыту бойынша 400-ге жуық іс-шара өтті, оның ішінде:

### HARD SKILLS

өнімдер, қызметтер, процестер, банктің электрондық жүйелерімен жұмыс, қасалық тәртіп, АЖ/ТҚҚ ақпараттық қауіпсіздігі, ерекше қатынастар арқылы Jusan Bank-ке қатысты тұлғаларды анықтау және олармен мәмілелер жасау тәртібі, сыбайлас жемқорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсы, ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік, есеп және салық, адам құқықтары аспектілеріне қатысты саясаттар мен рәсімдер, ХҚЕС өзгерістері, қаржы талдауы және басқа салалар бойынша 300-ге жуық іс-шара.

### SOFT SKILLS

сату, қызмет көрсету, клиенттерге бағдарлану, басқарушылық құзыреттіліктерді дамыту, тұлғалық даму және басқа салалар бойынша 100-ге жуық іс-шара.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Атап айтқанда, ішкі оқыту аясында 323 іс-шара өткізілді. 370 жуық қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау, ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік, ESG басқару тәжірибесі, адам құқықтары аспектілері бойынша саясат пен процедураларын қоса алғанда, әртүрлі салаларда сыртқы оқытудан өтті. Біз тек Банк бастамасы бойынша қызметкер қол жеткізген сыртқы оқудың ақысын өтейміз.

### Қызметкерлерді оқытудың сағат саны

	2022
Оқу сағаттары, барлығы	32 391
оның ішінде жоғары және орта буын басшылары	7 603
оның ішінде құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері	24 788
Бір қызметкердің орташа сағат мөлшері (2022 жылға жұмыскерлердің орташа санын ескергенде)	5,5

Қызметкерлер үшінші тарап сарапшыларын тарта отырып, конференцияларға, форумдарға, вебинарларға және басқа да, соның ішінде әртүрлі ESG с9hf0nfhsбойынша өткізілетін сыртқы іс-шараларға, үнемі қатысады.

Банк интерндерді оқытуға арналған «Стажер» бағдарламалық қамтамасыз ету moodle порталы, Websoft HCM бағдарламалық қамтамасыз ету оқыту порталы, Jusan Library корпоративтік кітапханалары және қазіргі қызметкерлерге арналған «Lerna курстары» сияқты қашықтан оқыту арналарын кеңінен пайдаланады.

Jusan Bank-те тағылымдамадан өтушілер мен жаңа қызметкерлерге тәлімгерлік ету тәжірибесі бар.

Жоғары буын мен орта буын басшыларын дамыту және оқыту бағдарламалары енгізілді. Барлық жаңа басшылар басқарушылық дағдыларға, атап айтқанда, басшыларға арналған Jusan Leader бағдарламасы арқылы оқытылады. Жетекшінің құзыреттілік деңгейіне қарай оқыту және дамыту бағдарламасына (Jusan Leader HiPo, Jusan Leader, Jusan Leader Online) қатысу үшін топтар құрылады. Ұсынылатын оқыту Банк қызметіне қатысты міндеттер мен процестерді тиімді басқаруға қабілетті персоналдың болуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік кадр саясатын іске асыру аясында сұрақтарды жүйелі және дәйекті шешуді қамтамасыз етеді.

Фронт-кеңсе қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін өлшеу үшін тұрақты бақылау тестілеуі жүргізіледі (қашықтан тестілеу). 2022 жылға арналған орташа нәтиже 89% (мақсатты мән кемінде 80%).

” Қызметкерлер үшінші тарап сарапшыларын тарта отырып, конференцияларға, форумдарға, вебинарларға және басқа да, соның ішінде әртүрлі ESG мәселелері бойынша өткізілетін сыртқы іс-шараларға, үнемі қатысады ”

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

	Ішкі бизнес-тренерлерді дамытуға арналған «Жаттықтырушылар лигасы»	Жетекшілер үшін құзыреттілік деңгейлері бойынша «Jusan Leader».
Бағдарламаның Банк бизнесі үшін мақсатының/артықшылықтарының сипаттамасы	Банк қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін дамыту және жетілдіру процесін құру. Бетпе-бет оқыту арқылы қажетті дағдыларды қалыптастыруда қызметкерлерді қамтуды арттыру	Банктің басқару персоналының жүйелі және дәйекті дамуын қамтамасыз ету. Жеке тиімділік, персоналды басқару дағдыларын арттыру
Бизнеске пайдалардың сандық әсері(қаржылық және қаржылық емес)	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ББ оқыту үшін қызметкерді іссапарға жіберу кезінде ресурстарды 80%-ға үнемдеу</li> <li>• Қажетті дағдыларды меңгеру үшін уақыт ресурсын 80% үнемдеу</li> <li>• Персоналдың қатысу деңгейін (оқыту факторы) 10%-ға арттыру</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дарынды басқару, мұрагерлікті жоспарлау және шешім қабылдау</li> <li>• Персоналдың қатысу деңгейін (оқыту факторы) 10%-ға арттыру</li> </ul>
Бағдарламаға қатысушы Банк қызметкерлерінің %	50,6% (тікелей және жанама қатысу)	15%



GRI 3-3  
GRI 403-1  
GRI 403-2  
GRI 403-3  
GRI 403-4  
GRI 403-5



MENU



GRI 403-6  
GRI 403-7  
GRI 403-9  
GRI 403-10

ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

94

## ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

Jusan Bank осы саладағы заң талаптарын барынша сақтауға ұмтыла отырып, қызметкерлер мен клиенттердің еңбек пен қауіпсіздігін қорғайды. Біз қауіпсіз әрі жайлы еңбек жағдайларына жауап беретін заманауи жабдықтармен және технологиялармен жабдықталған жұмыс орындарын құруға назар аударамыз.

Банк жарақаттану және кәсіптік ауру жағдайларының есебін жүргізеді.

Есепті кезеңде Банк қызметіне байланысты қызметкерлердің жарақат алу жағдайлары тіркелген жоқ. Нәтижесінде LTIFR және TRIR коэффициенттері нөлге тең. Кәсіптік ауруға шалдыққандар анықталған жоқ. Қаржы институты ретінде Jusan Bank-те еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындары жоқ.

Банк осы саладағы ықтимал тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді азайту бойынша сандық мақсаттармен іс-қимыл жоспарларын біріктіруді, сондай-ақ төтенше жағдайларға дайындық және оларға ден қою бойынша іс-қимылдарды қамтитын ЕҚ және ҚТ басқару жүйесін енгізді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын реттейтін ішкі құжат Банктің барлық қызметі мен қызметкерлеріне, сондай-ақ мердігерлерге қолданылатын Еңбекті қорғау және қауіпсіздік процедуралары болып саналады. Басқарма Төрағасы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі процестерге жалпы бақылауды жүзеге асырады. Адам ресурстары мен менеджерлер арасында денсаулық пен қауіп-қатерді бағалау бойынша құжаттаманы талқылау үнемі жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ЕҚ және ҚТ бойынша бақылау

еңбекті басқару жүйесін құруды және енгізуді ұйымдастыруды, еңбек жағдайларының жай-күйін бақылауды, өндірістік бақылау деректеріне жедел талдау жүргізуді, кәсіптік тәуекелді бағалауды және еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қабылдауды ұйымдастыруды және қауіпсіздік талаптарына және еңбекті қорғауға анықталған сәйкессіздіктерді жоюды қамтиды.

Jusan Bank қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт және электр қауіпсіздігі бойынша жауапты тұлғаларды тағайындады. Олардың құқықтары мен міндеттері заңнама талаптарына және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес келетін лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетілген. Жауапты тұлғаларды тағайындау туралы ақпарат барлық қызметкерлерге жіберіледі. Жауапты тұлғалардың байланыстары ішкі ақпараттық порталда орналастырылған. Апат қаупі жоғары жұмысшыларға (жүргізушілер, электриктер және т.б.) денсаулық және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар бекітілген.

Өрт қауіпсіздігі заңнамасының талаптарына сәйкес Банк объектілеріндегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйін тексеру үшін жыл сайын өрт аудиті жүргізіледі. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша заңнама талаптарына сәйкессіздіктерді анықтау және жою үшін ішкі аудиттер ұйымдастырылады. Ғимараттардың жұмысына жауаптылар күнделікті үй-жайларды тексереді. Банк жыл сайын электр қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізеді.

Күн сайын Банк қызметкерлеріне қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша брифинг, өрт қауіпсіздігі бойынша брифинг ұйымдастырылады. Төтенше жағдай бойынша кезекті брифингтер өткізіледі. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт-техникалық мини-

” Банк осы саладағы ықтимал тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді азайту бойынша сандық мақсаттармен іс-қимыл жоспарларын біріктіруді, сондай-ақ төтенше жағдайларға дайындық және оларға ден қою бойынша іс-қимылдарды қамтитын ЕҚ және ҚТ басқару жүйесін енгізді ”

## ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

мум бойынша жауапты тұлғаларды міндетті оқыту – үш жылда бір рет өткізіледі. Барлық жаңа қызметкерлер қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша міндетті кіріспе оқудан өтеді.

Кіріспе оқу барысында дереу жою үшін тиісті қызметтер уақытылы әрекет етуі үшін анықталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қолайсыз салдарлар мен тәуекелдерге әкелуі мүмкін ақаулар мен жағдайлар туралы Банктің тиісті бөлімшелеріне хабарлау қажеттігі туралы ескертіледі, Біз қызметкерлердің жарақат алуға немесе денсаулығының нашарлауына әкелетін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы өз бетінше хабардар ететін мәлімдемелерін құптаймыз.

Әртүрлі оқыту түрлері, корпоративтік электронды ақпараттық ресурстар, қоғамдық орындарда, оның ішінде Jusan Bank ішкі ақпараттық порталында ақпаратты орналастыру арқылы қызметкерлер ЕҚ және ҚТ туралы ақпараттандырылады. Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен қызметкерлердің мінез-құлқы туралы тұрақты түрде пошта жөнелтілімдері жүргізіледі.

Jusan Bank қызметкерлерге еңбек және денсаулықты қорғау мен қауіпсіздікті басқару жүйесінің әртүрлі элементтерін әзірлеуге, енгізуге және бағалауға қатысуға мүмкіндік береді. Мысалы, еңбек пен денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі бойынша ақпарат қызметкерлерге электронды құжат айналымы арқылы жіберіледі. Әрбір қызметкердің осы немесе басқа ақпаратқа ескертулерімен және ұсыныстарымен жауап беру мүмкіндігі бар, бұл салалық мамандардың кейінгі жұмысында ескеріледі.

Сондай-ақ бекітілген құжаттар Банктің мүдделі бөлімшелерімен міндетті түрде келісіледі.

Өндірістік жарақаттарды, жазатайым оқиғаларды және басқа да жазатайым оқиғалар мен инциденттерді тергеп-тексеру рәсімдері әзірленді.

Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, оның аясында өндірістік қызметпен байланысы, жазатайым оқиғалардың себептері, анықталған бұзушылықтарды жою шаралары белгіленеді. Жазатайым оқиға болған кезде персонал бойынша жауапты қызметкерлер сақтандырушының өкілінің және уәкілетті мемлекеттік органның қатысуымен сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларына тексеру жүргізеді, сақтандыру жағдайын анықтау үшін қызметкердің жұмыс істеу қабілетін жоғалту деңгейін медициналық-әлеуметтік сараптама мен куәландыруды ұйымдастырады.

Мамандандырылған мемлекеттік органдар тұрақты негізде Банктің ЕҚ және ҚТ саласындағы тәуелсіз сыртқы аудитін жүргізеді.

Қызметкерлерді жыл сайын міндетті сақтандыру Jusan Bank қызметіне және заң талаптарына сәйкес кәсіби тәуекел сыныбын ескере отырып жүзеге асырылады. Банк қызметкерлердің денсаулығы туралы жеке ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Jusan Bank денсаулықты сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, қызметкерлерді салауатты өмір салтын ұстануға шақырады, соның ішінде олардың корпоративтік спорттық іс-шараларға және тимбилдингтерге қатысуын ынталандырады.

” Мамандандырылған мемлекеттік органдар тұрақты негізде Банктің ЕҚ және ҚТ саласындағы тәуелсіз сыртқы аудитін жүргізеді ”

## КОРПОРАТИВТІК ЕРІКТІЛІК ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР

Корпоративтік еріктілік – жұмыс күшін біріктіруді және қызметкерлердің әлеуметтік белсенділігін арттыруды қамтамасыз ететін маңызды фактор.

Әртүрлі еріктілік іс-шараларға қатысқан қызметкерлердің жалпы саны 600 адамнан асты. Jusan Bank-тің кез келген қызметкері волонтер бола алады.

2022 жылы бірқатар еріктілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, сәуір айында Алматы қаласында біздің еріктілер қарағайлы орманға (Алатау ауданы, Көк-Қайнар шағын ауданы) 100 түп ағаш отырғызу бойынша экологиялық шара өткізді. Қыркүйек айында «Jusan Bank» Қарағанды филиалының қызметкерлері Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің әлеуметтік осал топ студенттеріне 175 азық-түлік себетін тарату арқылы қайырымдылық көмек көрсетті. Жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жылдық ғажайып» акциясы ұйымдастырылып, оған Банктің әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлері қатысты. Олар онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында емделіп жатқан аз қамтылған отбасылардың балалардың тілегін орындады.

Jusan Bank әртүрлі салалардағы корпоративтік спортты қолдайды және дамытады. Жұмысшыларға заманауи спорт залдары жалға беріліп, топтық жаттығуларға толық жағдай жасалған. Банктің спорт командалары Бас кеңсе деңгейінде де, аймақтық филиалдар деңгейінде де құрылып, фирмалық спорттық киімдермен қамтамасыз етілген.

Банк 2022 жыл ішінде Алматы қаласында ашық футбол алаңын және қызметкерлердің кезекті жаттығуы үшін волейбол залын

жалға алу ақысын төледі. Оларға тұрақты түрде Банктің 200-ге жуық қызметкері келіп тұрды.

Қызметкерлер тарапынан жоғары қызығушылық тудыратын банкішілік спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Мысалы, 2022 жылдың шілде-қыркүйек айларында Банктің барлық филиалдарынан 210 қызметкер мен команданың қатысуымен корпоративтік футбол турнирі өтті.

Біздің қызметкерлер Банк орналасу аймақтарында өткізілетін түрлі спорттық шараларға да қатысады. Өткен жылдың күзінде Jusan Bank қызметкерлері дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасының көптеген қалаларында өткізілген жаппай жүгіру марафондарына белсенді қатысты: «Алматы марафоны-2022», «Шымкент марафоны-2022», «Жарқын Қызылорда» және т.б. 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында 15 қызметкерден тұратын команда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының әуесқой волейбол федерациясы өткізген бастапқы ойын деңгейіндегі әуесқой спортшылар үшін («Start» дивизионы) «КҮЗ 2022» чемпионатында Банктің намысын қорғады.

Қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін түрлі командалық іс-шаралар, жарыстар мен мерекелер өткізіледі.

Банк еріктілік қызметтің жаңа бағыттарын енгізуді де, осындай қызметке қызметкерлердің барынша кең ауқымын тарту бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті.

” Банк еріктілік қызметтің жаңа бағыттарын енгізуді де, осындай қызметке қызметкерлердің барынша кең ауқымын тарту бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті ”



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ АЙМАҚТАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Jusan Bank қайырымдылық пен жергілікті қауымдастықтарға көмек көрсетуге үлкен көңіл бөледі.

Қайырымдылық шараларын Корпоративтік коммуникациялар қызметі қадағалайды. Есепті жылы әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалған тікелей шығындар 180 млн теңгеге жетті.

Jusan Bank-тің қайырымдылық қызметі Қайырымдылық көмекті есепке алу процедурасы аясында жүзеге асырылады және әлеуметтік маңызы жоғары, ең алдымен білім беру, мәдени өмір және салауатты өмір салты саласында жобалары бар аймақтардағы жергілікті қоғамдастық өкілдерінің әлеуметтік мүдделерін материалдық және қаржылық қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар Банк халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына қайырымдылық көмек көрсетеді.

2022 жылы Jusan Bank ірі өрт салдарынан баспанасынан айырылған Қостанай облысының тұрғындарының несиелері мен олар бойынша қарыздарын есептен шығару туралы шешім қабылдады. Банк клиенттеріне арналған мобильді қосымшамыз да осы аймақтағы өрттен зардап шеккендерге көмек көрсету үшін бірыңғай қоғамдық қорға қаражатты ерікті түрде аудару мүмкіндігін қарастырды.

2022 жылдың желтоқсанында біз әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы қоғамды хабардар ету жөніндегі UNITE бастамасын қолдадық.

Біз креативті экономика мен шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бастамалармен өзара әрекеттесеміз. Мысалы, есепті жылы Jusan Bank тоғыз жылдан бері қазақстандық дизайнерлердің үлкен санын жинап келе жатқан Almaty Pop up Store платформасына да, қазақстандық қолөнершілер үшін жасалған жаңа платформа Kraft Market-ке де қолдау көрсетті.

2022 жылдың қазан айында Jusan Bank шығармашылық коммуникация және жарнама агенттіктерінің өкілдерін, өндірістік және дизайн студияларын, маркетингтер, бренд-менеджерлер, PR мамандарын қамтыған аймақтың жарнама және маркетинг индустриясындағы жылдың ең танымал оқиғаларының бірі Red Jolbors Орталық Азия коммуникациялар фестивалінің бас серіктесі болды.

Осылайша, Банк шығармашылық салаларды дамытуға өз үлесін қосуда.

### Спорт пен салауатты өмір салтын қолдау

Банк әртүрлі спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және қаржылық қолдау арқылы жұмыс істейтін аймақтардағы қызметкерлер мен тұрғындардың салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттайды.

2022 жылдың тамыз айынан қазан айына дейін Jusan Bank SD Family компаниясымен бірлесіп, Астанада футболдан Jusan SvoyaLiga балалар мен жасөспірімдер турнирін ұйымдастырды. Бұл жоба жас спортшылардың өз потенциалдарын жүзеге асыруына тамаша мүмкіндік болды. Турнирге 40 команда қатысты – әр жас тобында 10 адам: 2007-2008, 2009-2010, 2011-2012 және 2013-2014 жылы туғандар.

**2022 жылдың қыркүйегінде Jusan Bank Қазақстан Республикасында өткізілген бірқатар танымал жүгіру марафондарына қолдау көрсетті, мысалы:**

- Шымкент марафоны-2022, оған 5 мыңға жуық адам, оның ішінде Банктің 37 қызметкері қатысты. Біз балалар спорт мектептері мен балалар үйінің 200-ден астам тәрбиеленушісіне осы марафонға қатысуға көмектестік.
- «Жарқын Қызылорда», оған Қызылорда қаласының 600-ден астам тұрғыны мен қонақтары, оның ішінде 80 қызметкеріміз қатысты.
- «Алматы марафоны 2022» – Орталық Азиядағы ең ірі жеңіл атлетика шараларының бірі, онда шамамен 12 000 адам әртүрлі қашықтыққа жүгірді, оның ішінде Jusan Bank-тің 200-ге жуық қызметкері бар.

Банк ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған спорттық турнирлер мен іс-шараларды қолдайды. Мысалы, біз 2022 жылдың қараша айында отырып ойнайтын волейболдан (паралимпиада түрі) Қазақстан Республикасының чемпионатына демеушілік жасадық, оған еліміздің 10 облысынан командалар қатысты.

” Қайырымдылық шараларын Корпоративтік коммуникациялар қызметі қадағалайды. Есепті жылы әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалған тікелей шығындар 180 млн теңгеге жетті ”

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ АЙМАҚТАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

2022 жылдың қыркүйегінде Jusan Bank Қазақстан Республикасында өткізілген бірқатар танымал жүгіру марафондарына қолдау көрсетті, мысалы:

■ Шымкент марафоны-2022, оған 5 мыңға жуық адам, оның ішінде Банктің 37 қызметкері қатысты. Біз балалар спорт мектептері мен балалар үйінің 200-ден астам тәрбиеленушісіне осы марафонға қатысуға көмектестік.

■ «Жарқын Қызылорда», оған Қызылорда қаласының 600-ден астам тұрғыны мен қонақтары, оның ішінде 80 қызметкеріміз қатысты.

■ «Алматы марафоны 2022» – Орталық Азиядағы ең ірі жеңіл атлетика шараларының бірі, онда шамамен 12 000 адам әртүрлі қашықтыққа жүгірді, оның ішінде Jusan Bank-тің 200-ге жуық қызметкері бар.

Банк ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған спорттық турнирлер мен іс-шараларды қолдайды. Мысалы, біз 2022 жылдың қараша айында отырып ойнайтын волейболдан (паралимпиада түрі) Қазақстан Республикасының чемпионатына демеушілік жасадық, оған еліміздің 10 облысынан командалар қатысты.

### Мәдениет пен өнерді қолдау

Дамыған мәдени өмір – жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатының ажырамас бөлігі. Jusan Bank мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға және жергілікті мәдени бастамаларды қаржылық қолдауға үлкен көңіл бөледі. Біз әртүрлі мәдени іс-шараларға демеушілік жасап қана қоймай, мәдениет қайраткерлерінен көп үйрендік, бұл көптеген креативті жарнамалық интеграцияларды тудырды.

2022 жылы Jusan Bank пен қазақстандық режиссер Қуаныш Бейсековтың бірлескен «Кел, балалар, оқылық» жобасы ұйымдастырылды, соның арқасында Қазақстан Республикасының аймақтарында балалар шығармашылық мамандықтар, атап айтсақ, актерлік шеберлік, режиссерлік және операторлық шеберлік бойынша бір апта

бойы шеберлік сабақтарын өтуге мүмкіндік алды. Әнші Еңлік (@yenleak) пен блогер Жеңіс Омаровтың (@zheka\_fatbelly) қатысуымен жобаның қорытындысы бойынша интернетте танымал болған бейнеклиптер мен деректі фильмдер түсірілді. Жобаның бірегейлігі ондағы музыканың барлығы композитор Дидар Исaxанның жетекшілігімен жазылған және тек ұлттық аспаптарда орындалған авторлық шығармалар болуында.

2022 жылдың сәуірінде Jusan Bank Repas стрит-арт және граффити командасымен бірлесіп, Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы дарынды суретшілердің туындыларын мәдениет саласының және Алматы қаласының ландшафты дамуына үлес қосқан бір өнер нысанына біріктіріп, ашық аспан астындағы галерея құрды. «Мүмкіндіктер сен үшін» тақырыбындағы шабыт сыйлайтын 10 авторлық иллюстрация қаланың Назарбаев – Ганди көшелерінің қиылысын безендірді.

Банк еліміздің басқа өңірлерінде де арт-кеңістік жасау дәстүрін жалғастыруды көздеп отыр. Атап айтқанда, 2022 жылдың күзінде Jusan Bank Қарағандыдағы жаңа жобаға қолдау көрсетті: К.Станиславский атындағы театр ғимаратына Қарағандының дарынды суретшілері мен Repas командасының қатысуымен мурал салынды. Қабырға қазірдің өзінде қала тұрғындары мен қонақтары демалуға және суретке түсуге келетін жастардың өнер нысанына айналды. Қазан айында қабырға суреті Астанадағы Беласар көпірінің аумағында пайда болды. Бүгінде бұл орын қала жастарының әлеуметтену және демалыс орнына айналды.

Jusan Bank қолдауымен автор және продюсер Ася Штоль Stuyq фестивалі аясында «Алматы әуендері» аудиоспектакль-променадын өмірге әкелді. Оның сюжеті 1960 жылдардың аяғында басталып, қаладағы Алматы музыкасы үшін маңызды жерлерді қозғайтын 11 жер арқылы бүгінгі күнге дейін жетеді. Бұл жоба еліміздің музыкалық мұрасын нығайтуға өз үлесін қосты.

Jusan Bank 2022 жылдың жазындағы ең ірі ашық аспан астындағы іс-шараның – әрбір қазақстандыққа өзінің қайталанбас вайбымен

” 2022 жылдың желтоқсанында біз әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы қоғамды хабардар ету жөніндегі UNITE бастамасын қолдадық ”

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ АЙМАҚТАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

танымал FOURE зияткерлік-музыкалық фестивалінің эко-әріптесі болды. Біз фестиваль аумағында қалдықтарды бөлек жинауға арналған инфрақұрылымды орналастырып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға арналған бірқатар іс-шараларды өткіздік.

Jusan Bank қыркүйекте Орал қаласында өткен жеке орындаушылардың республикалық фестивалінің бас демеушісі болды. Фестиваль облыстық қазақ драма театрының 30-шы маусымының басталуы мен Хадиша Бөкееваның 105 жылдығына орайластырылды. Сондай-ақ Банк есепті кезеңде Қазақстан Республикасының бірқатар белгілі театр ұжымдары мен мәдениет мекемелеріне қолдау көрсетті, атап айтқанда, ARTISHOK тәуелсіз театры, есту қабілеттері бұзылған азаматтарға арналған инклюзивті театр, Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн мектебі.

2022 жылдың желтоқсанында Банк танымал жас қазақстандық әртістерді жаңа қырынан ашатын Yeski Taspa музыкалық жобасына қолдау көрсетті. Музыканттар аңызға айналған әндерді жаңа нақышта орындап, сол арқылы бұрын белгілі туындылардың қайта жаңғыруына және жаңа ұрпақты өткеннің хиттерімен таныстыруға үлес қосты. Барлық әндерді жобаның YouTube арнасынан тыңдауға болады.

Жаңа жыл қарсаңында біз Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн мектебімен бірге оқушылар арасында Қазақстан Республикасындағы тұңғыш ЮНЕСКО клубы байқауын өткізді. Байқауға 56 жұмыс қатысып, оның ішінде қазылар алқасы байқау қорытындысы бойынша Алматы көшелерінде ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлап, қала көркін келтірген 5 жұмысты таңдады.

Jusan Bank 27 және 28 желтоқсанда Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өткен әлем жұлдыздарының орындауындағы «Щелкунчик» балет қойылымының бас серіктесі болды. Негізгі партияларды әлемдік жұлдыздар – Польша ұлттық балетінің солистері Чинара Ализаде мен Владимир Ярошенко орындады.

Бұл туынды Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына жаңа жылдық мерекеге тартуымыз болды.

2022 жылы Банк PersonaJ жобасын іске қосты, бұл жобада біз идеялары, шығармашылығы мен ұмтылысы әлемді мүлдем басқа салаларда өзгертетін ең жарқын қазақстандықтарды біріктіреміз. Қазіргі уақытта жоба музыка, стрит-арт, сән, режиссура, мобилография, диджей сынды әртүрлі салалардағы танымал қазақстандықтардың басын қосты. Оған Ида Каплан, Repas командасынан Дмитрий, Қыран Талапбек, Мадина Аман, Қуаныш Бейсеков, Еңлік, Қанат Бейсекеев, Зәуре Розмат және басқа да танымал шығармашылық тұлғалар қатысты.

Jusan Bank еншілес компанияларымен бірге өнерге өз үлесін қосып, оның бір бөлігіне айналуда.

Осылайша, қазақ мәдениетін танымал ету және қоршаған ортаға қамқорлық қажеттігіне назар аудару мақсатында Банк Jusan Investпен бірлесіп, Қазақстан Республикасының үш қаласына бұқалардың мүсіндерін сыйға тартты, олардың әрқайсысы әл-ауқат пен қаржылық прогрестің нышанымен байланысты болуымен қатар, халқымыздың тарихи эпизодтары мен экологиялық күн тәртібіне деген адалдығын бейнелейді. Мысалы, осы өнер нысандарының бірі тастан жасалып, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын бейнелейтін түрлі өрнектермен безендірілсе, енді бір мүсін қалдықтар мен қоршаған ортаны ластау проблемасын тиімді шешуді көрсету үшін толығымен жүзден астам автокөлік пен велосипед дөңгелектерінен жасалған.

Еске сала кетейік, бұған дейін Jusan Bank Тобы Астанада эскизін әйгілі қазақстандық мүсінші Эдуард Казарян жасаған «Сыйлық» мүсінін құрастыруды да қаржыландырған болатын. Биіктігі бес метр болатын тот баспайтын болат пен көптеген кабельдерден жасалған бұл инсталляция жүректері басқа адамдарға жаңа өмір сыйлаған донорларға алғыстың символына айналды.

” Jusan Bank мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға және жергілікті мәдени бастамаларды қаржылық қолдауға үлкен көңіл бөледі ”

## БІЛІМ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Jusan Bank білім беруді қолдауға ұмтылады, себебі бұл инновацияны дамытудың және әлеуметтік теңсіздікті азайтудың кілті, Қазақстан Республикасының болашағына және өскелең ұрпаққа инвестиция екенін түсінеді. Біз барлық деңгейдегі білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру арқылы инклюзивті және тұрақты қоғам құруға үлес қосамыз.

Банктің айрықша ерекшелігі – оның New Generation Foundation арқылы соңғы бенефициары Назарбаев Университеті мен НЗМ. Олар еліміздегі жоғары және орта білім берудің флагмандары болып саналады: Назарбаев университетінде 6,5 мыңға жуық студент, НЗМ жүйесіндегі 22 мектепте 14,5 мыңнан астам қазақстандық оқушы білім алуда. Осылайша, Jusan Bank-тің әлеуметтік кәсіпорын ретіндегі қызметінен түсетін кірістің едәуір бөлігі Қазақстан Республикасының осы жетекші оқу орындарын дамытуға жұмсалады.

Банк әртүрлі білім беру және EdTech бастамаларын қолдайды.

Осылайша, Біз Қазақстан Республикасын цифрландыру үдерісін ілгерілету мақсатында TechOrda IT мамандарын оқытудың мемлекеттік білім беру бағдарламасына толық цифрлық платформаны тегін әзірледік.

2022 жылдың қазан айында Jusan Bank Астанада өткен Бесінші Нобель фестивалінің (Nobel Fest) серіктестерінің бірі болды. Бұл

бұрын-соңды болмаған халықаралық EdTech іс-шарасын жас ғалымдар мен студенттерге арналған, онда әлемдік сарапшылар, инноваторлар, Нобель және басқа да беделді халықаралық сыйлықтың лауреаттары, белгілі бизнесмендер сөз сөйлеп, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасады. Нобель фестивалінің миссиясы – білім мен ғылымды қолжетімді ету.

2022 жылы AuyI.Go мектебінің білім беру бастамасы іске қосылды – Jusan Bank IT мамандарының тобы шалғай елді мекендерге барып, мектеп оқушыларына бағдарламалауды тегін үйретеді. Жылжымалы мектепте қазірдің өзінде еліміздің бірнеше ауылдары мен өңірлерінде 50-ден астам түлегі бар. Тренинг нәтижесінде студенттер өздерінің туған жерлері мен мектептері үшін веб-сайттар жасап үлгерді.

2022 жылдың қазанында TheSteppe медиа-порталымен бірлескен жоба – Қазақстанның креативті индустриясының бірінші энциклопедиясы іске қосылды, ол TikTok-та 10 миллионнан астам қаралым және қатысуға 3 мыңнан астам өтініш жинады.

2022 жылдың қарашасында Jusan Bank Қазақстан Республикасының әртүрлі қалаларының: Алматы, Астана, Қостанай, Семей және Ақтау қалаларының мектеп оқушылары қатысқан Eco Fest байқауына қаржылық қолдау көрсетті. Байқау аясында балалар өз идеяларын экологиялық шешімдермен ұсынып, Банктің сыйлықтарына ие болды.

” Банк әртүрлі білім беру және EdTech бастамаларын қолдайды ”

## БІЛІМ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

### IT School Jusan

2022 жылы Jusan Bank Астана және Алматы қалаларында арнайы құрылған оқу орталықтары – Jusan Singularity және Jas Academy базасында жүзеге асырылған IT School Jusan озық білім беру жобасына бастамашы болды.

Жоба нақты сұраныс үшін – Jusan Тобының цифрлық технологиялар және бағдарламалау саласындағы мамандарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылғанымен, Қазақстан Республикасында IT мамандарын даярлау сапасын арттыруға және озық құзыреттерді ілгерілетуге бағытталды. Осылайша, Jusan IT мектебі арқылы біз бар әлеуметтік міндеттерге – еңбек нарығындағы IT мамандарының тапшылығын азайтуға жауап беруге ұмтыламыз.

Жоба аясында 2022 жылдың көктемінде басталған төрт айлық қарқынды курстар біріктірілген онлайн және офлайн форматында өткізілді.

### Jusan IT мектебінің негізгі ерекшеліктері:

- толығымен тегін білім беру;
- мотивациялық стипендиялық қолдау;
- кепілдендірілген жұмыспен қамту;
- үздік тәлімгерлермен жұмыс істеу;
- 24/7 режимінде білім беру «опенспейстері».

Банк әрбір студент үшін оқудың барлық кезеңінде айына 100 000 теңге шәкіртақымен бірге оқудың толық құнын төледі. Банктің жобаға салған жалпы инвестициясы 150 млн теңге болды.

Оқудан өту мүмкіндігі жасына, біліміне, мамандығына қарамастан кез келген адамға берілді. Жаттығуды бастаудың негізгі шарты – бірнеше біліктілік кезеңдерден өту. Жоба көпшіліктің үлкен қызығушылығын тудырды, барлығы 6 мыңнан астам өтініш келіп түсті.

Тренинг қаржы секторына тән тәжірибелік кейстер мысалында өткізілді. Банктің IT-департаменттерінің өкілдері оқу бағдарламаларын әзірлеуге тікелей қатысып, түлектерді бағалап, соңында олардың көпшілігі жоба аясында білім алған жаңа мамандардың тәлімгерлері мен менторлары атанды.

2022 жылы Jusan IT мектебінің 150-ге жуық түлегі Jusan Bank-ке жұмысқа орналасты. Жоба Банктің әртүрлі мамандықтар бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берді: Java, Android, iOS, Php, Frontend, Devops және Reactjs. Түлектер топтарға бөлінді, оларды бейімдеу үшін тәлімгерлер тағайындалды.

Осылайша, жобаны іске асыру білікті IT мамандары үшін жауапты жұмыс беруші ретінде Jusan Bank-тің тартымдылығын арттыра отырып, елеулі жағымды бедел ретіндегі дивидендтерге әкелді.

Сондай-ақ, жоба аясында НЗМ-нің 270 студенті тегін дәрістер мен шеберлік сабақтарын оқыды. Бұл Банктің қазақстандық білім мен жас таланттарды қолдауға қосқан тағы бір практикалық үлесі. Бір ай бойы балалар онлайн режимінде Java бағдарламалау негіздерін үйреніп, кездесулерге қатысып, 100-ден астам практикалық тапсырмаларды шешті. Түрлі IT тақырыптар бойынша 14 шеберлік сабағы өткізілді.

Jusan IT мектебінің базасында олар Jusan Тобының жұмыс істеп тұрған қызметкерлері үшін рескиллинг и апскиллинг форматында жаңа білім мен дағдыларды алуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға дайындалуда.

Астанадағы Jusan Singularity «Ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдерге арналған Swift», «НЗМ-де қонақтық лекциялар», «Java Start», «Kotlin Start», «6 айда Devop инженер» және т.б. жобалармен жас IT-мамандарды дайындауда белсенділік танытуда. Ал Алматыдағы Jas Academy Data Science, Python, IOS және Java салаларында оқытуды жалғастыруда. Бағдарламалау негіздері бойынша ақысыз интенсивті курстар өткізіледі және жылына бір рет TechOrda IT мамандарын даярлау үшін мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасына квота қолжетімді.

” 2022 жылы Jusan IT мектебінің 150-ге жуық түлегі Jusan Bank-ке жұмысқа орналасты ”

## БІЛІМ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

### Қаржы сауаттылығы

Jusan Bank әсіресе цифрлық қаржы өнімдері мен қызметтерінің белсенді өсуін ескере отырып, халықтың қаржы сауаттылығы мен қаржы мәдениетінің деңгейін арттыру қажеттілігі тұрғысынан өзінің жауапкершілігін түсінеді. Банк өзінің еншілес ұйымдарымен серіктесе отырып, қаржы сауаттылығы жобаларын жүзеге асыруға қатысады, олар клиенттер мен жалпы қоғамның экономикалық мүмкіндіктері мен әлеуметтік мобильділігінің қозғаушы күші болып саналады.

Осылайша, біз адамдардың өз қаржысын басқару, қаржы институттарымен дұрыс қарым-қатынас жасау, инвестициялау, бизнес жүргізу және кәсіпкерлік негіздері туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесу сияқты аспектілердегі құзыреттілігін арттырамыз. Бұл тұрғыда Банктің жастармен мақсатты жұмыс жүргізуі маңызды.

Біз қазақ және орыс тілдерінде ыңғайлы онлайн оқыту форматы, сондай-ақ Jusan мобильді қосымшасы арқылы тәулік бойы қолжетімді курстары бар халықтың қаржы сауаттылығын арттыруға арналған Jusan Academy тегін білім беру жобасын атап өткіміз келеді. Тестілеуден кейін курсты аяқтағаны туралы сертификат беріледі. Jusan Academy платформасының негізінде есепті жылы Қазақстан Республикасының барлық аймақтарындағы 15 000 жоғары сынып оқушылары үшін тегін онлайн оқыту марафоны басталды.

Jusan Тобы жас ұрпаққа қаржы сауаттылығы пен қор нарығына инвестициялау тәжірибесін ерте жастан үйренуге көмектесуді мақсат етеді.

Мысалы, 2022 жылы Біз Jusan экожүйесінің бөлігі ретінде Қазақстан Республикасындағы 10 мен 16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Jusan Junior инвестициялық қосымшасын іске қостық, онда олар оқып, нақты бағалы қағаздарға инвестициялай алады. Оны қолданбас бұрын, мектеп жасындағы жастарға ойын түрінде бейімделген Jusan Academy-да алдын ала дайындықтан өту керек. Ата-ана бақылауы функциялары енгізілді – Jusan Junior жас қолданушысының шоты Jusan мобильді қосымшасы арқылы ата-ананың шотымен байланыстырылған. Балаға брокерлік бөлімге кіруге мүмкіндік беретін арнайы шот ашқаннан кейін оның ата-анасы нақты уақыт режимінде баланың қаржылық қозғалысы мен өтініштерін бақылап, қадағалауға, шотты толтыруға, транзакциялардың саны мен сомасына шектеу қоя алады. Jusan Junior қосымшасы KASE Global тізіміндегі кез келген акцияларды, сондай-ақ Қазақстан қор биржасында қазақстандық компаниялардың акцияларын сатуға мүмкіндік береді.


Сонымен қатар Jusan Bank клиенттермен өзара әрекеттесу кезінде күнделікті кеңес беру қызметінің бөлігі ретінде қаржы нарығы, қаржы өнімдері мен қызметтері туралы білімдерін кеңейтуге өз үлесін қосады.

Осы ретте, 2022 жылдың қазан айында Jusan Bank БАҚ өкілдеріне мемлекеттік тілде тегін оқу ұйымдастырды. 30-дан астам қазақ тілінде жазатын журналист Алматыда «Банк және инвестициялар» тренингін аяқтады, бұл отандық журналистер қауымының практикалық қаржы сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

” Сонымен қатар Jusan Bank клиенттермен өзара әрекеттесу кезінде күнделікті кеңес беру қызметінің бөлігі ретінде қаржы нарығы, қаржы өнімдері мен қызметтері туралы білімдерін кеңейтуге өз үлесін қосады ”



MENU



ЕСЕП  
ЖАЙЛЫ

БАНК  
ЖАЙЛЫ

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ЭТИКА

ЖАУАПТЫ  
БИЗНЕС

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЫҚПАЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

103

# 6 ЭКОЛОГИЯ

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Jusan Bank бизнес-процестердің ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары экологиялық тәуекелдермен қатар жүретін маңызды экологиялық аспектілерге ие емес. Қоршаған ортаға өзіндік әсер ету деңгейі мардымсыз.

Бұл ретте Банк қызметтің қоршаған ортаға әсерін тиімді басқаруға, оның ішінде активтерінің, ішкі операцияларының, несие және қаржы қызметінің әсерін кезең-кезеңімен есепке алу және бағалау арқылы ұмтылады.

### Ұзақ мерзімді перспективадағы жұмыстың негізгі бағыттары:

- Ресурстарды тиімді пайдалану, парниктік газдар шығарындыларын және түзілетін қалдықтарды бақылау арқылы тікелей теріс әсерді азайту.
- Қарыз алушылармен жұмыс шеңберінде экологиялық факторларды есепке алып, несие портфелін басқаруды жетілдіру арқылы жанама әсерді азайту.

Jusan Bank қоршаған ортаны қорғауға қатысты аспектілерді басқару кезінде экологиялық заңнама талаптарының қатаң сақталуына сүйенеді, өзгерістердің мониторингі мен есебін Банктің жауапты қызметкерлері тұрақты негізде жүзеге асырады.

Біз қалдықтарды жауапты басқару, ресурстарды ұтымды пайдалану және энергия тиімділігін басқару тәжірибесін енгіземіз.

Қоршаған ортаны басқару бойынша жауапкершілік жеке функционалдық бөлімшелерге, сондай-ақ Банк Басқармасына жүктеледі.

2022 жылы Банк Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасын бұзбады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаушы органдардың айыппұлдарына ілікпеді.

Ұзақ мерзімді перспективада Jusan Bank серпінді дамып келе жатқан қаржы институты бола отырып, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуына, оның ішінде цифрландыру, қарыз алушы-

лардың экологиялық сараптамасын жүргізу, тұрақты қаржылық шешімдерді әзірлеу мен жауапты өнім ұсынысы арқылы өз үлесін кеңейтуге мүдделі.

Банктің шағын және орта бизнеске, сондай-ақ бөлшек сегментке бағытталғанын ескере отырып, несие портфелі көміртекті көп қажет ететін салаларда шоғырланбаған.

Jusan Bank шағын және орта бизнесті, ірі корпоративтік клиенттерді төмен көміртекті дамуға көшуде қолдауды кеңейтуді көздеп отыр.

Банк экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған жаңа шешімдерді ұсынады. Бұл жерде, мысалы, жер қойнауын пайдаланушылар мен қалдықтарды көму учаскесінің иелері үшін «Қойнау» шартты жарнасын атап өтеміз. Ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісін немесе полигонды жоюға байланысты жұмыстарды қаржыландыруға арналған.

Jusan Bank экологиялық менеджмент жүйесінің элементтерін қалыптастырып, экологиялық тәуекелді бағалауды қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесіне кезең-кезеңімен біріктіріп және Банктің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайтуға қабілетті салаларды анықтауды бастады.

Банк өз қызметінің ерекшеліктеріне байланысты биоәртүрлілікке тікелей әсер етпейді және флора мен фаунаның қорғалатын түрлеріне, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қауіп төндірмейді.

Климатқа әсер етуді басқару бөлігінде Банктің жақын арада жоспарлары Климаттың корпоративтік стратегиясын әзірлеуді және TCFD ұсынымдарына сәйкес, оның ішінде ҚНРДА талаптарын ескере отырып, жылдық есептілікті дайындауды қамтиды.

Қаржы институттарының негізгі ұзақ мерзімді климаттық әсері тікелей операциялар арқылы емес, экономиканың энергетикалық және көміртегін көп қажет ететін секторларын несиелеу арқылы болатынын ескереміз.

” 2022 жылы Банк Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасын бұзбады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаушы органдардың айыппұлдарына ілікпеді ”



## ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Jusan Bank парниктік газдар шығарындыларын жыл сайын бағалауды Парниктік газдар хаттамасының (GHG Protocol) талаптарына және парниктік газдар шығарындыларын реттеуге қатысты қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді. Қамту - еншілес ұйымдарсыз Jusan Bank.

Тексеру ҚР СТ ISO 14064-3-2019 «Парниктік газдар туралы мәлімдемелерді тексеру және валидациялау бойынша талаптар мен нұсқаулар» принциптері мен талаптарына сәйкес жүргізілді.

Парниктік газдар хаттамасына сәйкес ұйымның шекарасына парниктік газдар шығарындыларының келесі санаттары кіреді:

Меншікті көздерден тікелей шығарындыларға (Scope 1) тікелей Банк объектілерінде орналасқан жабдыққа (мысалы, апаттық генераторлар, қазандықтар) жанармай жағудан болатын парниктік газдар шығарындылары, сондай-ақ өнеркәсіптік немесе тұрмыстық жабдықтан шығатын парниктік газдар шығарындылары (мысалы, стационарлық және жылжымалы қондырғылардағы ауаны баптау жүйелерінен салқындатқыштың ағуы) жатады. Банкке тиесілі жылжымалы көздерден парниктік газдар шығарындылары.

Банкке тиесілі объектілер үшін үшінші тұлғалардан сатып алынған электр және жылу энергиясының жанама шығарындылары (Scope 2).

Жалға берілетін көздерден жанама шығарындыларға (Scope 3) Банктің жалға алынған объектілерінде (мысалы, қазандықтарда) тікелей орналасқан жабдықта жанармай жағудан болатын парниктік газдар шығарындылары; өнеркәсіптік немесе тұрмыстық жабдықтан шығатын парниктік газдар шығарындылары (мысалы, тұрақты және жылжымалы жалға беру қондырғыларының ауаны баптау жүйесінен салқындатқыштың ағуы); жалға алынған жылжымалы көздерден парниктік газдар шығарындылары; Банктен жалға алынған объектілер үшін сатып алынған электр және жылу энергиясының жанама эмиссиялары; пайдаланылған судан, қағаздан, Банктің бар-

лық нысандарында түзілетін қалдықтардан жанама эмиссиялар; сондай-ақ жұмысшылардың іссапары мен үйден кеңсеге дейінгі сапарынан болатын жанама шығарындылар жатады.

Парниктік газдар шығарындыларын есептеу IPCC 4-ші бағалау есебіне сәйкес жаһандық жылыну әлеуетін (GWP) пайдалануды қоса алғанда Score 1, Score 2 және Score 3 КӨЖҮСТ парниктік газдарды ұлттық түгендеу жөніндегі нұсқаулық негізінде, 2006 ж. жүргізілді.

Парниктік газдар шығарындылары CO<sub>2</sub>-экв тоннамен көрсетіледі және CO<sub>2</sub>, CH<sub>4</sub>, N<sub>2</sub>O, HFC шығарындыларын қамтиды. Есепті жазу кезінде Банк объектілерінде күкірт гексафториді (SF<sub>6</sub>) және PFC шығарындылары туралы ақпарат жоқ.

2022 жылдың аяғында жүргізілген тексерілген сандық бағалау шеңберінде парниктік газдар шығарындылары 1-ші аумақ үшін 1 969,5 тонна CO<sub>2</sub>-экв, 2-ші аумақ үшін – 22 198,4 тонна CO<sub>2</sub>-экв тең болды.

2021 жылмен салыстырғанда Scope 1 және Scope 2 шығарындылардың шоғырландырылған ұлғаюы негізінен бұрын сатып алған ірі қазақстандық банк «АТФБанк» АҚ-ның («Jusan Bank» АҚ ЕБ) Jusan Bank-пен қосылуымен байланысты. Банк қызметкерлерінің санының артуы және антиковидтік қарсы шектеулердің тоқтатылуы да әсер етті.

Scope 1 және Scope 2 парниктік газдар шығарындыларының персонал бірлігіне азайтылған үлестік мәні бір адамға 3,9 тонна CO<sub>2</sub>-экв тең. Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығын есептеу кезінде бөлгіш ретінде қызметкерлер саны таңдалды, өйткені өнім саны банк мекемелеріне қатысты емес.

Жанама парниктік газдар шығарындылары орналасу әдісіне негізделген, өйткені Қазақстан Республикасында төмен көміртекті энергияны өндірудің сенімділігін растайтын I-REC сертификаттары сияқты келісімшарттық құралдарды пайдалану тәжірибесі әлі кеңінен дамымаған. Бұл ретте Банк I-REC сертификаттарын сатып

” Jusan Bank парниктік газдар шығарындыларын жыл сайын бағалауды Парниктік газдар хаттамасының (GHG Protocol) талаптарына және парниктік газдар шығарындыларын реттеуге қатысты қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді ”

## ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

алу арқылы жанама энергия шығарындыларының орнын толтыру әдісін қолдану мүмкіндігін зерделеуде.

Банк алғаш рет Scope 3 парниктік газдар шығарындыларына сандық бағалау жүргізді.

2022 жылдың нәтижелеріне сәйкес жоғарыда аталған санаттар бойынша Scope 3 шығарындылары 19 424,9 тонна CO<sub>2</sub>-экв тең болды. Қамту - еншілес ұйымдарсыз Jusan Bank.

Scope 3 шығарындыларын есептеу 2022 жылғы нақты деректер бойынша Парниктік газ хаттамасының Техникалық нұсқаулығына (GHG Protocol. Technical Guidance for Calculating Scope 3 Emissions) негізделген.

Нәтижесінде, ұйымның 2022 жылы Scope 1, Scope 2 және Scope 3 парниктік газдардың жалпы шығарындылары 43 592,9 тонна CO<sub>2</sub>-экв тең болды.

Персонал бірлігіне қысқартылған Scope 1, Scope 2 және Scope 3 парниктік газдар шығарындыларының үлестік мәні бір адамға 7,1 тонна CO<sub>2</sub>-экв болды.

2022 жылы бағалауға Scope 3 жанама шығарындылары енгізілгендіктен, парниктік газдар бойынша есеп беру мақсаттары үшін 2022 жыл базалық жыл ретінде таңдалды. Сонымен қатар ағымдағы тексерілген бағалауда жалға алынған стационарлық және жылжымалы көздерге қатысты шығарындылар Scope 3 жатқызылған.

Тексерілген парниктік газдар шығарындылары, тонна CO<sub>2</sub>-экв

	2021	2022
Scope 1	2 595,2	1 969,5
Scope 2	17 709,3	22 198,4
Scope 3*	-	19 424,9

\*2021 жылы Scope 3 сандық бағалау жүргізілмеді

Парниктік газдар шығарындылары парниктік газдардың әрбір түрі үшін бөлек, тонна

	2022
CO <sub>2</sub>	2 595,2
CH <sub>4</sub>	17 709,3
N <sub>2</sub> O	0,1285
HFCs	0,5711
SF <sub>6</sub>	-
PFCs	-

Тексерілген парниктік газдар шығарындылары, тонна CO<sub>2</sub>-экв

	2022
Банк қызметкерлерінің іссапарлары	11 997,5
Банк жалға алған объектілердің электр және жылу энергиясын тұтынуы	3 373,1
Банктен лизингке алынған жылжымалы көздерде отынды жағу	2 854,7
Банктің барлық нысандарындағы қалдық және ағынды сулар	769,8

## КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Климаттық тәуекелдерді мүдделі тараптар қаржы институттары үшін негізгі тәуекелдердің бірі ретінде көбірек қарастыруда.

Банк ұзақ мерзімді перспективада тікелей және жанама арналар арқылы ықтимал климаттық тәуекелдерге ұшырайды, бұл үшін біз TCFD ұсынған тәуекел терминологиясына сүйенеміз.

■ Төтенше физикалық тәуекелдер – бұл материалдық құндылықтардың (жылжымайтын мүліктің және/немесе өндірістің) жойылуы және жергілікті экономикалық белсенділіктің төмендеуі нәтижесінде келтіруі мүмкін зиянды қоса алғанда, ауа райының қолайсыз құбылыстарынан туындаған тікелей шығындар.

■ Жүйелі физикалық тәуекелдер климаттың ұзақ мерзімді өзгеруінен (планетадағы орташа температураның жоғарылауы, жауын-шашын үлгілерінің өзгеруі және олардың өзгермелілігінің артуы, белгілі бір ресурстардың болмауы немесе жойылуы) туындаған тікелей шығындарды білдіреді, бұл экономиканың барлық секторларына және Jusan Bank қолдайтын аймақтарға, сондай-ақ Банктің жеке инфрақұрылымы мен қызметіне әсер етуі мүмкін.

■ Өтпелі тәуекелдер төмен көміртекті экономикаға көшумен, төмен көміртекті бизнес модельдерін енгізудің экономикалық және қаржылық салдарымен, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеумен, тұтынушылар мен инвесторлардың мінез-құлқындағы өзгерістермен, соның ішінде климатқа қауіпті қызметтен бас тартуды да, экономиканың «қоңыр» секторынан «жасыл» секторларына капитал ағынын да, сондай-ақ климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған технологиялық жетілдірулер мен инновацияларға сұраныстың артуы.

Физикалық және өтпелі тәуекелдерді бағалау ауқымы біздің жеке қызметімізді, сондай-ақ Банктің төменгі ағымдық қызметін және тәуекелдердің біздің клиенттерімізге әсерін қамтиды.

” Климаттық тәуекелдерді мүдделі тараптар қаржы институттары үшін негізгі тәуекелдердің бірі ретінде көбірек қарастыруда ”

## КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді жіктеу		Климатпен байланысты қауіп драйверлері	Анықталған ықтимал әсерлердің сипаттамасы	Уақыт шеңбері		
				2 жылдан аз	2 және 5 жыл арасы	5 жылдан көп
Физикалық тәуекелдер	Жедел	Су тасқыны, көшкін немесе табиғи өрт және т.б. сияқты келеңсіз оқиғаларды тудыруы мүмкін қауіпті және төтенше климаттық құбылыстардың (ыстық толқындар, қатты аяздар, қатты жаңбырлар, дауылдар және т.б.) қарқындылығының немесе жиілігінің артуы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Экстремалды климаттық оқиғаларға байланысты бизнес үздіксіздігінің бұзылуы.</li> <li>• Ауа райының қолайсыз оқиғаларынан зардап шеккен корпоративтік және бөлшек клиенттер үшін қаржы салдарлары, олардың несиелерінің қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігіне ықтимал салдары.</li> <li>• Заттар мен мүліктің тікелей зақымдануынан болатын зиян.</li> <li>• Несиелер бойынша қамтамасыз етудің нашарлауы немесе бүлінуі, мысалы жылжымайтын мүлік.</li> <li>• Банк жұмысындағы үзілістерге байланысты операциялық шығындардың өсуі және кірістерден айырылу.</li> </ul>		•	•
	Жүйелік	Жауын-шашын үлгілерінің ұзақ мерзімді өзгеруі және ауа райы үлгілерінің шектен тыс өзгермелілігі, орташа температураның көтерілуі және басқа да ұзақ мерзімді климаттық өзгерістер, оның ішінде төтенше климаттық оқиғалардың әсерінің күрт артуы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Судың азаюы, топырақтың нашарлауы, құрғақшылық немесе өртке байланысты белгілі бір секторлардағы (мысалы, өсімдік және мал шаруашылығы, суды көп қажет ететін салалар) клиенттер табысының төмендеуі және клиенттердің өндірістік қызметі үшін операциялық шығындардың артуы.</li> <li>• Су тапшылығы аймақтарында кепілге қойылған клиент активтерінің құнын жоғалту.</li> <li>• Адамдардың және экономикалық белсенділіктің аймақтық қозғалысы.</li> <li>• Несие кепілдігінің құнсыздануы.</li> <li>• Объектілердің зақымдануы, қолданыстағы активтерді мерзімінен бұрын жойылуы және т.б. салдарынан операциялық және күрделі шығындардың артуы.</li> <li>• Температураның көтерілуінің еңбек және тұрмыс жағдайына, сондай-ақ Банк орналасу аймақтарындағы жергілікті инфрақұрылымның жай-күйіне әсері.</li> </ul>			•

## КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді жіктеу		Климатпен байланысты қауіп драйверлері	Анықталған ықтимал әсерлердің сипаттамасы	Уақыт шеңбері		
				2 жылдан аз	2 және 5 жыл арасы	5 жылдан көп
Өтпелі тәуекелдер	Реттеуші және заңды	Банк пен клиенттердің іскерлік операцияларына әсер ететін қатаң реттеуші орта; барған сайын талапшыл банктік реттеу: ақпаратты ашу, стресс-тестілеу және т.б.; климатқа қатысты ақпаратты жариялау міндеттемелерін күшейту; парниктік газдар шығарындыларына жоғары баға; қолданыстағы өнімдер мен қызметтерді қатаң реттеу, сот процестеріне ұшырау және т.б.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жаңа ережелерді сақтау немесе клиенттердің қоршаған орта мен климаттың сақталуын бақылау процедураларын енгізу шығындарының артуына байланысты операциялық шығындардың көтерілуі.</li> <li>• Қоғамдық есеп беру бойынша жоғары міндеттемелер және соған байланысты деректерді жинау және тексеру шығындары.</li> <li>• Нормативтік өзгерістерге байланысты активтердің құнсыздануы.</li> <li>• Парниктік газдар шығарындыларына шектеулер және/немесе экономиканың жекелеген секторларында жұмыс істейтін клиенттерден алынатын көміртегі салығын енгізу.</li> <li>• Клиенттердің төлем қабілеттілігінің немесе несие міндеттемелерін орындаудың ықтимал нашарлауы.</li> <li>• Клиенттерге бақылаудың күшейтілуіне байланысты несиелеу құнының өсуі.</li> <li>• Климаттық тәуекелдерге неғұрлым осал экономика секторларына айтарлықтай әсер ету жағдайында Банк кірісінің әлеуетті төмендеуі.</li> <li>• Климатқа байланысты бизнес немесе жеткізу тізбегі ережелерін сақтамағаны үшін Банкке немесе оның клиенттеріне қарсы ықтимал сот процестері немесе реттеуші санкциялар.</li> </ul>	•	••	••
	Технологиялық	Шығарындылары төмен деңгейлі технологияларға көшудің бастапқы шығындары; бар өнімдер мен қызметтерді парниктік газдар шығарындыларын төмендететін нұсқаларымен ауыстыру және т.б.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Клиенттердің несие тәуекеліне әсер етуі мүмкін жаңа және озық технологиялардың пайда болуына байланысты жекелеген секторлардағы өнімнің өзіндік құнының, бәсекеге қабілеттіліктің, сұраныс пен ұсыныстың елеулі және жылдам өзгеруі.</li> <li>• Технологияларды дамытуға күрделі салымдардың қажеттілігі және жаңа тәжірибелер мен процестердің таралуына байланысты шығындар.</li> <li>• Кейбір өнімдер мен қызметтерге сұраныстың төмендеуі.</li> <li>• Клиенттердің төлем қабілеттілігінің немесе несие міндеттемелерін орындаудың ықтимал нашарлауы.</li> <li>• Күрделі шығындар талаптары мен қолданыстағы активтерді мерзімінен бұрын шығарудың әсерінен клиенттер үшін қаржылық салдарлар.</li> <li>• Технологиялық және энергетикалық ауысуға байланысты жекелеген секторлардағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты Банк кірісінің азаюы.</li> </ul>		•	••

## КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді жіктеу		Климатпен байланысты қауіп драйверлері	Анықталған ықтимал әсерлердің сипаттамасы	Уақыт шеңбері		
				2 жылдан аз	2 және 5 жыл арасы	5 жылдан көп
Өтпелі тәуекелдер	Нарық	Клиенттің мінез-құлқын өзгеруі; шикізат құнының өсуі; нарық белгісіздігі және т.б.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жаңа ережелерді сақтау немесе тұтынушылардың қоршаған ортаны бақылау және климатқа сәйкестік процедураларын енгізу шығындарының артуына байланысты операциялық шығындардың артуы.</li> <li>Қоғамдық есеп беру бойынша жоғары міндеттемелер және соған байланысты деректерді жинау және тексеру шығындары.</li> <li>Нормативтік өзгерістерге байланысты активтердің құнсыздануы.</li> <li>Парниктік газдар шығарындыларына шектеулер және/немесе экономиканың жекелеген секторларында жұмыс істейтін клиенттерден алынатын көміртегі салығын енгізу.</li> <li>Клиенттердің төлем қабілеттілігінің немесе несие міндеттемелерін орындаудың ықтимал нашарлауы.</li> <li>Клиенттерге бақылаудың күшейтілуіне байланысты несиелеу құнының өсуі.</li> <li>Климаттық тәуекелдерге неғұрлым осал экономика секторларына айтарлықтай әсер ету жағдайында Банк кірісінің ықтимал төмендеуі.</li> <li>Климатқа байланысты бизнес немесе жеткізу тізбегі ережелерін сақтамағаны үшін Банкке немесе оның клиенттеріне қарсы ықтимал құқықтық шаралар немесе реттеуші санкциялар.</li> </ul>		•	••
